

**КӨҢІЛ ҚЫЛЫН ШЕРТКЕН ҚОҢЫР ҮН** 4-бет



**ТӘРБИЕ – БІЛІМНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ** 5-бет



**«ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК АРМАНЫМА ЖАҚЫНДАТТЫ»** 7-бет


# АҚМЕШІТ жастары

*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**



6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 16 (501) 20 сәуір, 2023 жыл


## «КӘСІПТІ ҒАНА ЕМЕС, ӨНЕРДІ ӨЛТІРІП ЖАТЫРМЫЗ»

**Атақты Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» туындысы жұртшылыққа мәлім. Атақонысы Алтайдың бір-ақ күнде өзге ел болып шыққанына қынжылған қалың қазақ талай қырғынды көреді. Талай нәубетті бастан кешіріп, «Елім-айлап» Алтайдан Анадолыға жетеді ғой. Сол аралықта мыңдаған қазақ қырылды. Жағдайы жоқ, жайы жоқ көштің арасында жүріп, Халифа Алтай ақсақал өзінің қазағының ортасына ел тәуелсіздік алғаннан кейін ақсақал болып жетті. Иә, сол ортада жүріп-ақ хат таныды, бірнеше елдің тілін білді. Айтпағымыз, бұл емес. Осы көшпен Анадолыға жеткен жұрт сондағы елге тері илеуді үйреткен екен. Тарихтан тамырын тартып, міне, ұлы дала елінің бойындағы осы қабілетті бүгінде кәсіп қылып жүргендерді іздедік. Иә, бүгінде түбі бір түрік елінде тері илеуді кәсіп қылып отырғандар арасында қандастарымыз жетерлік. Ал әлем бойынша Түркиядан шыққан тері бұйымдарына, аяқ киімдеріне сұраныс жоғары екенін ескерсек, оның ар жағында біздің қандастарымыз тұрғаны қуантады. Әйтсе де, өткенмен қашанғы мақтанамыз, бүгініміз жұбаныш болмаса...**

### АУЫЛ СЫРТЫНДА ҮЙІЛГЕН ШИКІЗАТ

Бүгінде жеңіл өнеркәсіп саласы кенжелеп тұр. Қарапайым халықтың арасында «Біз тіс шұқитын таяқшаны да шығара алмаймыз» дейтін сәл де болса азайған. Өйткені өндіріске аздап болса да көңіл бөлініп келеді. Қызылордада сабын, автокөлік бамперлері тәрізді елге қажетті дүниелер шығарыла бастады. Бұл да болса мемлекеттік бағдарламалардың тиіп жатқан себі деуге болатын шығар... Әйтсе де, қазір мал шаруашылығын қолға алғандар жетерлік. Ал осы шаруаны жүргізіп отырғандардың қарасы қалыңдағаннан кейін ауыл-ауылда, жер-жерде мал терілері мен жүндері, яғни айтқанда былғарының шикізаттары үйінді болып, қоқыста жатыр.

2 бетте

## БАУЫРЫН БЕРІП, БАЛАҒА ӨМІР СЫЙЛАҒАН...

Жақында сырбойылық Бекарыстан Аманжолов «бауыр циррозы» дертіне шалдыққан қызылордалық досының 4 айлық қызына донор болып, өз бауырының бір бөлігін бөліп берді. Донор болу арқылы өзгеге өмір сыйлаған азамат мұны екінің бірі жасайтын ізгі іс деп біледі. Алайда донор болу өзгенің де, өзіңнің де өміріңе үлкен жауапкершілік арқалау екенін мойындау керек. Әрі бауыр трансплантациясы хирургиядағы ең ауыр ота саналады. «AMANAT» партиясы Саяси жұмыс департаментінің кеңесшісі болып қызмет ететін Бекарыстан ештеңеге қарамастан, баланың өмірін сақтап қалу үшін өз бауырын беруге ниет еткен.

Бауыр циррозы анықталған балапанның еміне 40 млн теңге қажет екені анықталып, арнайы қор ашылған. Көп түкірсе, көл емес пе?! Қаржы жинала бастаған соң бүлдіршінді емдету үшін ата-анасы Түркияға аттанады. Сол жақта дәрігерлер бауыр трансплантациясын жасауға шешім қабылдап, донор іздестіре бастаған екен. Сол сәтте кішкентай Әсияның әкесі Уәлиханның досы Бекарыстан Аманжолов өз еркімен донор болуға келісім берген.

«Өз басым донор болу туралы шешімді қорыққаннан немесе басқа да дүниенің әсерінен қабылдаған жоқпын. Бала ауырып, жағдайы белгілі болған кезде тілекшілері болып арнайы чат аштық. Сөйтіп, бүкіл жолдастары болып қаржылай көмек беріп, басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, қолдауға кірістік. Алғашында мен ғана емес, бірнеше жігіт бәріміз донор болуға ниет білдірдік. Ағзаның сәйкестігіне, денсаулық жағдайына байланысты донор мүмкіндік маған берілді. Жалпы кішкентай адамның, сәбидің өмірін құтқаруға мүмкіндігім бола тұра оған өз үлесімді қоспау – нағыз тәкаппарлық сынды. Сондықтан ойланбастан келістім. Шыны керек, басында ештеңе ойламадым. Яғни, ота қалай болады, оның қандай салдары бар екенін білген жоқпын. Бірақ соңына дейін қайтпай, әрекет еттім. Өйткені досым Уәлиханмен бала кезден, оқушы боп жүрген шақтан жақынмын. Оның жүрегіндегі қайғысын мен де сезіндім. Бір жағынан өзім де әке болған соң сүп-сүйкімді балапанды аман алып қалуға тамшыдай болсын көмегім тисе, неге өз үлесімді қоспасқа деген ой келді.

Әрине, отаға кіргенге дейін көңілімде қорқыныш тұрды. Бірақ сенің қорқынышың мен бір адамның өмірі бәсте тұрғанда қорқыныш сезімі түкке тұрғысыз болып қалады екен», – дейді батыр Бекарыстан.

Айта кетейік, 8 сәуір күні жасалған трансплантациялық ота сәтті өтті. Бүгінде донор болған Бекарыстан аяққа тұрып, денсаулығы қалпына келе бастапты. Ал 4 айлық Әсияның жағдайы әлі де дәрігерлердің бақылауында.

– Алғашқы операция сәтті өтті. Операциядан кейінгі процесс те жақсы жүріп жатыр деді. Тек балапанның денсаулығында бір қиындықтар болып, қайтадан операция жасалды. Енді сол отаның нәтижесін күтіп, үміт етіп отырмыз. Операция балаға сәл ауырлау болды. Себебі кез келген ағзаға жаңа бауырды қабылдау оңай емес. Дегенмен осындай қауіп-қатерді ескере отырып, шешім қабылдадық. Себебі адам құдай берген барлық мүмкіндікті пайдалану керек. Әсияның жағдайы жақсарып, ғұмыры ұзақ болсын деп тілекші боп жүргендер қаншама! Бұйырса, жақсы хабар күтеміз. Ал менің донор болуым – жай жақсы іске себепкер болуым ғана. Бір сәбиге өмір сыйлаймын деген ой үш ұйықтасам да, түсіме кірмепті. Ол жақсы боп кетсе, мен де бақыттымын, – дейді.



**Адамның физиологиясына мән берсек, жүрек пен бауыр жалғыз түйір. Ал бабамыз неге туысын «бауыр», «бауырым», «ет жақыным» деп атайды? Неге ақжолтай жаңалық болып, жиын-тойда жиналғанда «басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын» деп тілек айтамыз? Себебі бауыр – адам ағзасындағы ең маңызды мүше. Туыс-бауыр бүтін болса, ел де аман, жұрт та тыныш, мамыражай күн кешеді емес пе?**

**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

## «ТАНИТЫНДАР МЕНІ «ТЕМІР ҚЫЗ» ДЕП АТАП КЕТТІ»



**Мобилография – қыр-сыры мол сала. Телефонның камерасы арқылы күнделікті көріп жүрген дүниелерге басқа ракурстан қарауға мүмкіндік беретін мобилографтардың жұмысы да шығармашылыққа толы. «Темір қыз» деген атпен танымал Зарина Нұрланқызының бұл салаға келгеніне біраз болған екен. Өміріндегі сынаққа сынбай, бір қолымен жұмыс істеп келген арумен әңгіме өрбіткен едік.**

**– «Темір қыз» атануыңыздың сыры неде?**

– Өзім қызылордалықпын. 2011 жылы Астана қаласына отбасымызбен көшіп кеттік. Жалпы 2020 жылдан бастап маркетинг саласындамын. Осы бағытта ізденіп жүріп, хобби ретінде велоспортпен айналысатын едім. Бір күні Бурабайға жолым түсіп, сонда велосипедпен жоғары биіктіктен құлап, жарақаттандым. Қолым сынды. Бұл оқиға 2022 жылы 2 шілдеде орын алды. Өмірімді өзгерткен күн болғандықтан әлі есімде... Шынтақ, шынтақтың асты бәрі сынған екен. Содан бері бір қолымның 40-45 пайызы жұмыс істемейді. Өткен жылдың шілдесінен бері 3 операциядан өттім. Қолым сынған соң бірден Шучинск қаласында бір операция жасалды. Кейін Астана қаласында толықтай тексеріліп, сынған қолымды жинап шықты. Міне, осылай «темір қыз» болып шықтым. Ал осы жылы 6 сәуірде қолыма 4-інші рет операция жасалды.

**– Құдай барлық адамға бірдей тәулігіне 24 сағат, аяқ пен қол береді. Алайда өзгелерден өр рухыңызбен ерекшесіз. Сізге мотивация беретін не?**

– Әрине, адам алдағы күнін болжай алмайды. Басыңа не түсетінін, тіпті, екі күннен соң не болатынын білмейсің. «Құдайдың күлдірткің келсе, жоспарыңды айт» деген тәмсіл содан қалса керек. Себебі бір құдайдың ғана бұйыртқаны болады. Мен де ешқашан осындай апатты жағдайға ұшырап, бір қолым жұмыс істеуге жарамсыз боп қалады деп ойламадым.

Операциялар жасалған соң бір ай ішінде қайтадан жұмысыма, өзім бастаған жобаларға кірісіп кеттім. Қайтадан қалыпты өмірге оралып, идеядан идея туындап, жемісін берген жобаларым да арта түсті. Әрекетке – берекет. Мұның барлығы ең алдымен бір құдайдың арқасы деп білемін. Екіншіден, өзімнің айтқанымды іске асырмай, дегеніме қол жеткізбей қоймайтын қайтпас мінезімнен шығар. Тіпті, қазірдің өзінде осындай апатқа ұшырағаныма, өмірімде орын алған қандай да бір қиындыққа еш өкінбеймін. Кез келген сынақ – жетістікке көтеретін саты. Мықты адамдармен жұмыс істеймін. Олардан үйренерім де, үйретерім де көп. Көбісі менің жағдайыма қарап, одан сайын алға жылжуға мотивация алады.

Төсек тартып жатып қалғанымда, шектеудің бәрі миымда болды. Өйткені «тұра алмаймын, ары қарай ештеңе жасай алмаймын» деген ойлар келетін. Тіпті, «мүгедектік» санатына кіріп алуымды ұсынған таныстарым да бар. Осындай қиын сәтте физикалық, психологиялық тұрғыдан көмектескен, жанашырлық танытқан ет жақындарым – ата-анам мен отбасым. Ең жақын достарыма, тілекшілеріме шын жүректен алғыс айтқым келеді. Төсекке таңылып, апатқа ұшыраған адамға бір жылы сөздің өзі әсер етеді екен. Бір күні америкалық «Пазманский дьявол» деген фильмді қарадым. Оның маған үлкен күш-жігер бергені соншалық, мені төсектен тұрғызып, басымды тік көтеруіме себепкер болды. Шынымды айтсам, бұл апаттың менің басымнан өткеніне қуанамын десем де болады. Себебі сол 2 шілдеге дейін басқа адам едім. Қазір басқа адаммын. Көп нәрсеге көзқарасым өзгерді, әр сөзімді ойланып айтамын.

**– Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз...**

– Алдағы жоспарым – Астана қаласынан маркетингтік компания ашу, жаңа, тың жобаларды қолға алу. Қазір командамда өзімнен бөлек 3 адам бар. Оның үстіне сынған қолымның 40 пайызын қалпына келтіргендіктен, екі қолым да жұмыс істеуге келеді. Қандай жағдай болмасын, өміріме, денсаулығыма шағымданған емеспін. Сондықтан алға сүйрейтін армандарым, мақсаттарым барда қозғалыс та бар.

**– Әдемі әңгімеңіз үшін алғыс!**

**Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ**

## ЖҮРГЕНОВТІ ЖЫРҒА ҚОСҚАН АҚЫНДАР

**Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болып, халықтың еркіндікпен еңсесін тіктеуде елеулі еңбек етіп, бақыт босағасынан аттауы үшін білек сыбана іске кіріскен Темірбек Жүргеновтің есімі иісі қазаққа етене таныс. Ел ертеңі үшін тайсалмастан табан тіреп тартысқа түсіп, мәдениет пен әдебиет, білім сынды сан саланың дамуына сүбелі үлес қосты. Балақтан тартып, тісін батырып түртпектегеннің найзасына түйрелмей, ұлты үшін ұлы мұратынан бас тартпаған қайраткердің қайсарлығы қалың қазақты сүйсінткені рас. Талай соқпақтан сүрінбеген, қиындықтан еңсесі езілмеген ердің елге еткен еңбегін жіпке тізіп жіктесек те таусылмас. Өйткені әрбірі халықтың санасында сайрап, жадында жатталып-ақ қалған. Иә, қазақтың маңдайына біткен Алаш ардақтысының есімі ешқашан ұмытылмайды.**

Биыл Темірбек Қараұлының туғанына 125 жыл. Осы орайда Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мүшәйрасы өтті. Жыр додасына еліміздің түкпір-түкпірінен ақындар қатысып, жалынды өлеңдерін тарту етті. Мүшәйраға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов арнайы қатысып, қайраткердің қазақ даласына сіңірген өлшеусіз еңбегін баяндады.

Мүшәйраға қатысушы талапкерлерді бағалаған қазылар алқасының құрамында ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, ақын, Қазақстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі, «Қызылорда» Қоғамдық телерадио компаниясының құрылтайшысы Шакизада Әбдікәрімов, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсат, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жүлдегері, Қалқаман Сарин және ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы болды.




Айбынды азаматтың бүтін болмысын сөзбен байыпты безбендеп, ұлы мұратын ұйқасына, халқы үшін шырылдаған жүрегіндегі жанашырлық сезімін шумағына сыйдырған ақындардың өлеңі қуатты болды. Темірбек туралы толғаған ақындар Алаш арманын да айтып, сенім семсерін сермеп, ақиқат алдаспанын жарқылдатты. Мүшәйраға жиналған көпшілік шырайлы сөзге сүйсініп, қолпаштап отырды. Осылайша нәтиже бойынша бас жүлдені қызылордалық ақын Мөлдір Айтбай, жүлделі І орынды Ғалымхан Марлен (Орал), ІІ орынды Динара Төлеутай (Абай облысы), ІІІ орынды Түменбай Ақжол, Айдар Сайлауов (Қызылорда), Тілеухан Дәурен (Ақтөбе) жеңіп алса, Т.Жүргенов атындағы арнайы жүлде Әлібек Азаматқа (Түркістан) бұйырды. Сондай-ақ, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы атынан Ахмет Байтұрсынұлының медалі Нұржан Байтусовқа (Абай облысы) табысталса, бас жүлде иегері Мөлдір Айтбайға ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы С.Раев алтын жалатылған домбыраны тарту етті.

**Замира ҚОНЫСЖАН**

# «КӘСІПТІ ҒАНА ЕМЕС, ӨНЕРДІ ӨЛТІРІП ЖАТЫРМЫЗ»



Десек те қалдықсыз өнім технологиясы бізде әлі де болса қолға алына қойған жоқ. Егер жүзеге асырылса, тері өңдеу ісі елдегі өндірістің ішінен орын алар еді-ау... Сырдариялық Бақытжан Тапалов бүгінде мал бордақылау ісімен айналысады. Әрбір сойылған мал терісі қоқысқа кетіп бара жатқан сайын қынжылысын білдіретінін жасырмайды.

– Жақында Астанада ауруханада емделдім. Сонда жанымда Моңғолиядан көшіп келген қандасымыз болды. Айтуынша, оның әкесі мал терісінен мықты-мықты арқан есуді дағды еткен екен. Міне, көрдіңіз бе, бір малдың терісінен былғары ғана емес, түрлі өнім дайындауға болады екен. Қазір бізде киіз басу, текемет дайындау тәрізді «Қызыл кітапқа» енген салт-дәстүріміздің бір бөлігі бұл. Ата-бабамыз өз қажетін өзі қолдан тігіп, киє беретін болған. Бүгінде Қазақстанның бірнеше облысында қазір тоқтап тұрған тері өңдеу өнеркәсібін Үкімет жандандырып, қолға алса қандай тамаша болар еді... Атакәсібіміз жаңғырғанымен қатар, қанша адамға жұмыс болар еді. Мына далада үйінді болып жатқан мал терісі мен қой жүні кәдеге асар еді. Ысырап деген сөздің өзі қорқынышты. Мұны қолға алмаса болмайды, – дейді Б.Тапалов.

**«ӨНЕРІМІЗДІ ӨЗІМІЗБЕН БІРГЕ КӨРГЕ ӘКЕТІП БАРАМЫЗ»**

Облыс орталығындағы «Ескі базар» және «Жаңа базар» аталған сауда орындарында қисайған етігіңізді түзетіп, ашылған табанды жапсырып берер аяқ киім жөндеу шеберханалары бар. Сол етікшілердің арасында бір кездері аймақты атағы жер-жаһанға тараған аяқ киім фабрикасының, осы салада жұмыстарын үйлестірген мекемелердің қызметкерлері де бар. Орайын тауып, пікірлерін білдік.

– Мен 1993 жылдан бері осы кәсіппен айналысамын. Қолыма жіп ұстаған сәттен бастап, нөлден бастап аяқ киім тігіп шығуды армандадым. Бүгінде оған жеттім. Аяқ киімнің түр-түрін тіктім. Қарапайым жөндеп беруден бастап, стандарт емес көлемдегі аяқтарға дайындадым. Етік тігіп шығу – оңай шаруа емес. Оған төзім мен шыдамдылық керек. Шығармашылық идея ауадай қажет. Өйткені, аяқ киімнің модулін келтіруден бастап, оның аяқтың әр тұсына қолайлы болуын қадағалаймыз. Одан бөлек, тұтынушы талғамына сай болғаны жөн. Сондықтан талап жоғары. Егер өңірде аяқ киім өндірісі қолға алынып, арнайы фабрикалар ашылып жатса, білгенімізді кейінгі толқынға үйретуден қашпаймыз. Жаңа технологиямен қамтамасыз етілген фабрикада жұмыс істеуге дайынбыз. Өйткені біз жас емеспіз. Өнерімізді өзімізбен бірге көрге әкетіп барамыз, – дейді Ғани Рысбекұлы.

Жаңа базар аумағында етік жөндеп, жұртшылықтың алғысын алып жүрген азаматтың бірі – Қуанышбек ағамыз. Ол «Импошип» мекемесінде жұмыс істеген. Маманның айтуынша, былғарының өзі сапасына қарай бірнеше түрге бөлінеді. «Біз жұмыс істеген уақыттың өзінде былғары біздің өңірге сырттан келетін. Қазақстанның Семей, Жамбыл өңірлерінен алынатын еді. Бірақ бізде тері өңдеуі ісі сол кезде де болмады. Оның технологиясы бөлек. Қолынан келетін маман болмаса, қиын. Аяқ киім фабрикасы өңірде шикізат болғанда ғана тиімді» дейді маман көзімен қараған ол.

**«ТЕРІ ӨҢДЕЙТІН ЦЕХ АШҚЫМ КЕЛЕДІ»**

Әйтсе де, бүгінде қазақ жігіттерінің арасында он саусағынан өнер тамып, ісмерлігін байқатып жүргендері аз емес. «Қол қусырып қарап отырған жоқ». Ойдағы істі шынайы өмірде жүзеге асырып келеді. Шиелілік Жандәулет Құрманбекұлы – солардың бірі. Атадан-балаға мұра болып қалған осы бір ерекше кәсіпті Жандәулеттің де қолға алғанына көп болмаған. Жолда ауыр жүк көлігін айдайтын жас жігіт әкенің ақылымен кәсіп ашып, бүгінде халыққа қызмет көрсетіп келеді.

– Бірде әкем шақырып алып, ішкі ойымен бөлісті. «Балам, менің әкем ұста болған, мен де сол кәсіпті меңгердім. Енді оны өзіммен бірге көрге әкеткім келмейді. Осы кәсіпті үйрен, қыр-сырына қанық» деп ақылын айтты. Қазақ «Әкеге қарап, ұл өсер» деген ел ғой. Әкемнің бойындағы өнерден титтей де дарыған болса керек, жолда жүк тасымалымен айналысатын қызметімді тоқтатып, осы іске білек сыбана кірістім. Бірінші жұмысым саптама етік болатын. Оны жап-жақсы шығардым. Мұнан кейінгі еңбектің әрбірі тәжірибемен келді. Былғарыны қайта өңдеу, тігер аяқ киімге дайындау, мұның барлығына үйрендік, – дейді «Нұртуған» аяқ киім тігін шеберханасының иесі Жандәулет Құрманбекұлы.

Шебер бұл күнде шикізатты, яғни, былғарыны Жамбыл облысынан, Шымкент, Түркістан қаласынан алдырады. Арнайы тапсырыспен илететін сәттері көп. Десе де, шикізат мәселесі өзімізден шықса деген де тілегі бар.

– Біздің өңірде күніге қаншама бас мал сойылып жатыр. Ақиқаты сол: терілер жарамсыз болып әр жерде жатыр. Ит те жемейді. Осыны мен де ойға алып, кішігірім цех ашқым келген. Ұсыныс та түскен. Тері илеуді өндіруді де қолға алатын ойым бар. Демеушілер қарастырып жатырмын. Былғарыдан тек аяқ киім ғана емес, түрлі сөмкелер, күрте, көліктің орындық қаптамалары, қалталар тәрізді бұйымдар шығаруға болады. Тіпті, шетелдік нарыққа шығатын жақсы дүниелерді жасап шығаруға мүмкіндік болар еді. Өйткені, біздің жердің еті ғана емес, терісі де жақсы болатыны анық. Біз сияқты шағын-шағын орталықтар, аяқ киім тігетін жігіттер бар. Оларды әрбірін бір-бір моделге үйретіп, үлкен бір шеберхана ашқым келеді. Енді-енді қолдап жатыр, ақырындап көтеріліп жатырмыз. Барлығымыздың басымызды қосып, бір үлкен фабрика болса, онда біздің арманымыздың орындалғаны. Астанада Самғау, Сарыағашта Өркен бар, міне солар бізге үлгі. Біз де солар тәрізді жетістікке жетіп қалармыз. Мен өзім кәсіпті бір біз бен жіп, балғамен бастаған жанмын. Қазір ақырындап көтеріліп келеміз, – дейді арман-мақсатын айқындаған Жандәулет Қаракеев.

**«БІЗ БҰРЫННАН ҚАЛЫПТАСҚАН ЛОГИСТИКАНЫ ЖОҒАЛТЫП АЛДЫҚ»**

Кәсіп ашамын деп ынталанып, идеясын жүзеге асыруға талпынған әрбір жанның барар жері біреу. Ол – «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы. Себебі, бүгінде облыстық орталық кәсіпкерлерді қолдау, қорғау бағытында еселі еңбек атқарып келеді. Палата директоры Пірмұхаммед Сыздықовпен хабарластық. Мәселенің мәнісіне терең бойлаған ол бұл тақырыпты өзін де толғандырып жүргенін айтты.

– Егер тері өңдеу ісін қолға аламын деп ынталанған адам болса, бізге келсін. Біз де іздеп жүрміз. Рас, ойланып отырып, осы істі ашсам ба екен дейтіндер бар. Бірақ, қазақ «Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деген. Хабары жоқ істі бастау қай кезде де қиынға соғады. Біздің аймақта аяқ киім тігетіндер бар, бірақ тері илегендерді естімедім. Егер болса, бізге де керек. Жобасын сүйемелдеп, қолдауға дайынбыз. Мысалы, тері өңдеу ісі – өте күрделі шаруа. Рас, біздің өңірде шикізат былай қарасаңыз бар сияқты. Бірақ өңірдің табиғи ерекшелігіне қарай сона, оқалақ деген нәрселер мал терісіне ұя салады да, оны илегенде былғары шұрық-тесік болады. Ал қой терісіне келсек, біздің өңірде қаракөл елтірісіне лайықталған. Оның терісі қара болып шығады. Ал тері өндіретіндерге биязы жүнді ақ түсті тері керек. Ол бояуға да ыңғайлы. Осындай өзгешеліктер тері өңдеу ісін өңірде алып кетуге кедергі болады. Одан бөлек, Жамбыл, Семей облыстарындағы технология көне. Теріні өңдейтін химикаттар Қытайдан алдырылады. Бұл істің тиімсіздігінен біз Қытаймен арадағы бұрыннан қалыптасқан логистиканы жоғалтып алдық. Қазір қытайлықтар Моңғолиямен жұмыс істеп жатыр, – дейді Пірмұхаммед Айтбайұлы.



Ал жеке кәсіпкер Марат Сәрсенбаев мынадай пікір айтады.

**«ЕҢ НЕГІЗГІ ҮШ МӘСЕЛЕ БАР»**

Тері илеудегі ең бірінші мәселе, арнайы дайындалған станоктардың қымбат тұратынында. Оны жоғары бағаға, яғни, кемінде 100-200 мың АҚШ долларқай қаражат салып, бұл өндірісті ашып алғанмен өнімді өткізу жағы қиындау. Өйткені, бізде өткізумен айналысатын үлкен компаниялар жоқ. Екінші бір мәселе – сырттан келетін химикаттар мәселесі. Олардың бағасы біз алғаш тәуелсіздік алған жылдардағы тарифпен бекітіліп қалған. Одан бері баға өзгерді, нарық өзгерді. Үшінші мәселе, бізде бұл саладағы дұрыс технологтардың жетіспеуі. Терінің құрамындағы тұз бен майды дұрыс шығара алмайтын болса, аяқ киімді киген кезде майы азының желімі ұстамайды. Тұзына байланысты да осындай мәселе бар. Біздің елдің етікшілері сондай терілермен жұмыс істеп көріпті. Десе де, жаңа етік бірден түрін жоғалтып, көнеге айналады. Ондай туындылар өміршең болмайды. Сондықтан біздің елде тері өңдеу ісімен айналысамын деген әрбір жан осы мәселелерді назарға алса деймін» деген ой айтады.

**P.S.** *Қазір тәуір аяқ киім алуға базарға барсаңыз, сатушы сізге «Түркияның аяқ киімі» деп мақтауын келістіреді. Ал сол түрік ағайындарға тері илеуді үйреткен біздің қазекем екені есіңізге түскенде, тағы қынжыласыз. Бәлкім, тері өңдеудің біз білмейтін қыр-сыры көп. Ал оны бүгінде сол атакәсіпті қолға алған түркиялық қазақ бауырлардан үйреніп, тәжірибе алмастыруға, осы істі атадан-балаға мирас етіп қолға алып, күні бүгінде кәсіп етіп отырған моңғолиялық бауырларға мамандарды жіберіп, тәжірибе алмастыруға болмас па?! Мүмкін, біздегі төрт түліктің қасына осы бағытқа ыңғайлы асыл тұқымды мал алдырып, жерсіндірсе қайтеді?! Әйтпегенде, бүгінде қолданыстағы аяқ киімнің көпшілігі сырттан келеді. Бұл – экономикамызға едәуір салмақ. Импорт көлемі экспорттан азайғанда ғана экономиканың тұрақты болатынын ұмытпаған абзал.*

**Дәулет ҚЫРДАН,**
**Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**



# КӨП ТІЛ БІЛУ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

**“Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл” деген тәмсілдің бүгінгі тіршілік тұтқасын бекіп ұстауымызда мәні зор. Өз тілін құрметтей отырып, өзге тілді үйренуге мойын бұру мүмкіндікті көбейтіп, келешектің күңгірт болуынан сақтайды. Заман талабына сай тыраштанбаған жағдайда көш ілгері жүріп, өркениеттің жалына жармаса алу тіптен мүмкін емес. Қалтарыста қалып, бәріне қол сілтеп қарап отыру дамуды тежейтіні сіз бен бізге түсінікті. Қысқасы көп тіл білу – көптік етпейді.**

Таным көкжиегің кеңейтіп, ақылды арттырып, жаңаша көзқарас қалыптастыруға түрткі болатын да бірнеше тілді меңгеру. Сонымен қатар әр елдің мәдениетіне мән беріп, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын түсініп, қайнаған тіршілігіне мейлінше тоқталуға септігін тигізеді. Бұл жаңаны тануға ұмтылған ұлы мұраттың, болашаққа басқан қадамның қате еместігін айғақтайтындай. Дамудың даңғыл жолында кедергі кездессе де дақпырттыққа салынбай, қиындығын еңсеруге білімпаздар сақадай сай дайын. Өйткені оқу мен білімнен байланысын үзбегеннің үзім нанға зар болып, қол жайып жүрмейтінін жақсы біледі.

Бүгінде жастар өзін шыңдағанда ғана шыңға шығып, білімін жетілдіргенде жетістікке жетерін ойша топшылап қоймай, әрекетке көшкен. Яғни ертеңі бітпейтін еріншектіктен аулақ болып, тіл меңгеруге бар күшін салуғаниетті. Асылында қытай тілі әлемдегі ең қиын тілдер қатарында көш бастап тұр. Иероглифтермен таңбаланатын қытай әріптерінің әр бір таңбасы бір сөз болып оқылады. Бірақ ынта мен ықыласы қиындыққа ырық бермеген Сымбат Байжан Қытай елінде оқып жатыр. Білгенін бөлісуге әзір жан балаларға қытай, ағылшын тілдерінен сабақ беріп, жетекшілік етуде.

– Мен 5-сынып оқып жүргеннен тілге қызығушылығым өте жақсы болды. Сол уақытта ағылшын тілін оқып, 9-сыныптан бастап қытай тіліне ерекше мән беріп, қызыға бастадым. Сөйлеуі, жазылуы жағынан әлемдегі ең қиыны Қытай тілі деп айтатындықтан, көкейімде “неге осы қиын тілді меңгермеске?” деген сұрақ туындады. Осылайша тіл игеруде именбей, ютуб арқылы шет жағасын үйреніп бастадым. Мектеп бітіретін жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалып жүріп, болашақтағы жоспарларым жөнінде ешкімге тіс жарғым келмеді. Ізденісімді жалғастырып, дайындыққа ден қойдым. Сол жылы ағылшын-қытай тілінен тест тапсырып, Куньмин қаласындағы Юньнань университетінен лингвистика мамандығы бойынша грант ұтып алдым, – деді С.Байжан.

Иә екі жылдан аса уақыт вируспен тартысып, кесірлі кеселдің кедергісіне тап болдық. Қытай елінде пандемия өршіп тұрғандықтан, оқу онлайн түрде жалғасып, елге оралуға тура келеді. Қазір шекара ашылғанын айтқан Сымбат қыркүйек айында қайта Қытайға жолға шығатынын тілге тиек етті. Онлайн оқудың қатаң талабына төзген ол жұмысын да қатар жүргізіп, уақытын тиімді өткізуді қолға алған. Яғни жоғарыда айтып өткеніміздей, балаларға ағылшын, қытай тілінен сабақ береді.

– Түрлі қызмет саласына байланысты Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас берік. Бұл екі ел арасындағы экономикалық және басқа да байланыстарды бекіте түсетіндіктен тіл білу маңызын жоғалтпайды. Сондықтан Қытай мемлекеті мен бай-ланыс орнық-қан сайын қы-тай тілі елі-мізде сұранысқа ие. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласында ағылшын, қытай тілінен қосымша сабақ беремін. Көбіне 1 және 2-сынып оқушылары қытай тілін үйренуге келеді. Қанша дегенмен олар жас болғандықтан бірден қабылдау қабілетіне ие екендері белгілі. Үйреткенді тез ұғынып алатыны да рас. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерімен деңгей бойынша жұмыс істеп, жақсы нәтижеге қол жеткіздік, – деді Сымбат Ерланқызы.



Кейіпкеріміздің игілік жолында инемен құдық қазғандай еңбек пен білім алуы биікке жеткізетініне күмән келтірмейміз. Қытайдағы оқуы тәмамдалған соң елге оралып, ел дамуына өз үлесін қосатынын да тілге тиек етті.

– Әл-бетте еліме оралып, еңбегімнің жемісін осында көргім келеді. Қытай тілін оқытудың кеңістігін кеңейтіп, мәдени іс-шараларды көптеп өткізу мақсатым. Оқуымды бітіргеннен кейін магистратураға да тапсыру ойымда бар. Алған біліміммен жақсы нәтижеге жетіп, ел дамуына үлес қосуға асықпын, – деді ол.

Түйіндей келе мақсаты мардымды, бағытын бағдарлаған жанның көздегеніне қол жеткізетіні айдан анық. Сөзі мен ісін сабақтастыра білгеннің де еңбегі еленеді. Ендеше Сымбатқа сәттілік пен толайым табыс тілейміз!

**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**

# КӘСІП ПЕН НӘСІП: 2,5 ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

**Қоғамның қозғаушы күшін бірінші кезекте жұмыспен қамту мәселесі бүтіндей бір мемлекеттің назарында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі Қоғам» атты Жолдауында жастарды қолдаудың нақты шараларын көрсетіп, тиісті министрліктерге тапсырма берген болатын.**

Жолдауда айтылған дүниелер қолдау тауып, биылдан бастап 100 мың жасқа жұмыс ұсынылып, оларды еңбекке араластыру шаралары жүзеге асырылу керек. Соның бірі де бірегейі – кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіліп, жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілмек. Ережеге сәйкес, бағдарламаға 21-35 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Президент пәрмен берген бұл іс өңірлерде қалай жүзеге асуда? Биыл қанша жас кәсіпкер атанады?

Аталған жоба бойынша өңірде жасалып жатқан істер жайлы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаевадан сұрап білген едік.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биылдан бастап «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру» қағидасын бекітті. Оның негізгі талабы бойынша 21-35 жас аралығындағылар қатыса алады. Жеке кәсіпкердің кәсіпкерлігінің тіркелген уақыты 5 жылға дейін болуы тиіс. Облыс жастары несие алу үшін тиісті құжаттарын несиелендірудің сенімді өкілі ретінде танылған «Аграрлық несие корпорациясына» тапсырады. Ал негізгі шарттарына тоқталар болсақ, микрокредит мерзімі 5, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Оның ең жоғары сомасы 5 миллион теңгеге дейін бекітілген. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайыздан аспайды. Бірақ кепілмен қамтамасыз етілу керек. Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілге (агентке) микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі бес жылдан аз кәсіпкерлер болу керек, – деді ол.

Құжаттарды тексеру уақыты өтінім түскен күннен бастап 3 жұмыс күнін құрайды. Ал қажетті қағаздары сәйкес келмеген жағдайда нақты себеп көрсетіліп, кері қайтарылады. Тиісінше барлық құжат ережеге сәйкес болса, 15 күн ішінде бағалау жүргізіліп, тиісті жұмыстар біткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде бизнес жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның қарауына жолданады. Әдетте қандай да бір несие алу үшін ең бірінші қажетті құжат жинау керек. Ол үшін де бөлек уақыт арнау қажет. Ал аталған жоба бойынша қажетті құжаттар саны едәуір азайыпты. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыс бойынша филиалының директоры Маханбет Тұрмаханов құжат жинау барысы жайлы айтқан еді.

– Құжаттар тізімі жеңілдетілді. Небәрі 12 құжат керек. Оның көбісі кәсіпкерлердің қолында бар. Мысалы, кәсібін бастағаны жөніндегі талон. Біздің сайтқа кірсе, толтыратын құжаттардың үлгілері көрсетілген, – деді.

Мамандардың айтуынша, құжат жинау барысында жастар қиындықтарға кезігуі мүмкін. Процедура 1,5 айға дейін созылатынын да еске салады. Сондықтан кәсіп бастаймын деген жас мақсатына жету жолында шыдамдылық танытқаны жөн. Айта кетейік, биылға 257 жасқа 1285 млн теңге қаралуда. Демек, осынша жас екі қолына бір күрек тауып, бастаған кәсібі арқылы өзі де еңбектенсе, бірнеше адамды жұмыспен қамту арқылы нәсібі мен несібесін бөліспек.

**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**





# Райхан МҰРАТҚЫЗЫ: «КӘСІП АШУЫМА ӘКЕМ СЕБЕПКЕР БОЛДЫ»

**Бүгінде аймақ кәсіпкерлігі кең өріс алған. Қолдан келген өнерді кәсіп қылған жандардың қарасы қалың. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының «Өнеріңді сатып, кәсіп қыл» деген сөзі әлі де өз құндылығын жойған жоқ. Қала тұрғыны Райхан Борашова осы қатарда. Ол шаштараз ісін жеті жылдан бері жүргізіп келеді.**

– Менің шаштараз ісін бастауыма әкем себепкер болды. Ол әлсін-әлсін шашымды алып берші деп отыратын. Осылай ерлер шебері болдым да кеттім. Әкеме алғысым зор. Жеті жылдан бері өзімді шыңдап, дамытып келемін. Қалай болғанда да бір орнында тұрып қалуға болмайды. Бүгінгі қоғамның талабы – «Өзің оз, озбасаң, кейінгіге жол бер». Аялдап қалғаның, артта қалғаның. Осылайша құмырсқаша жыбырлап жүріп, өзің үйрене жүріп, тәжірибе жинайсың. Келушілердің де талабы жаңа заманға сай өзгеріп тұрады. Сондықтан, жан-жақты дами жүріп, еңбек етесің, – дейді кәсіби шебер.

Жылдар жылжыған сайын тәжірибе қоржыны да тола түседі. Райхан Мұратқызы осы уақыт аралығында өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай бастады. Елге белгілі Динара Алмусаева академиясында да ерлер мастері қызметін атқарады. Әйтсе де, әрбір сәтте өзіне сырт көзбен қарап, кемшін тұсын жөндеп, жетістігіне марқая алады.

– Осы уақыт ішінде талай қызықтары мен шыжықтарын көріп келемін. Қазір әкеме үлкен алғысымды айтамын. Бастапқыда қарапайым шаштараз болып бастаған мен, қазіргі таңда барбер дәрежесіне дейін шыңдалдым деп толық айта аламын. Үлкен қалаларға, кәсіби барберлерден сабақ алып, өз жерімде сол алған тәжірибеммен бөлісіп келемін. Өзің сүйіп, таңдаған саланың ешқандай қиындығы жоқ. Бар болғаны, өзіңнің ынта-ықыласың болса, болғаны. Сол жеткілікті. Ары қарай барлығы да еңбекпен келеді, – дейді кәсіпкер.

Қазақта «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген бар. Бұл бағытта өзінің өнерін кейінгі толқынға үйретіп жүрген Райхан Мұратқызы саладағы сабақтастықты жолға қойған. Алдыңғы толқыннан алған үлгісін кейінгіге көрсетіп, бағыт-бағдар, жол нұсқап жүр. Онысын кейінгі ізбасарларының алдындағы міндеті санайды.

– Қазіргі таңда 6 шәкірт тәрбиелеп шығардым. Ол кісілердің де жетістіктерін көріп келемін. Бұл саланы таңдаған адамның бойынан табылу керек касиеттерді айта кететін болсам, ол – шыдамдылық, өз жұмысын сүйіп атқару, даму. Әуелі Алла, одан кейін ата анама алғысым шексіз, – дейді кәсіпкер.

Талаптың тұлпарын мініп, төзімділікті жанына серік еткен Райхан шебер міне қызу тірлік үстінде. Аз ғана уақыт ішінде мұнда келушілердің қатары қалың екенін байқадық. Бастысы, адал еңбек ету. Ал тұтынушы қай кезде де мықты шеберді өзі-ақ тауып алады. Райханның еңбектегі басты ұстанымы да – осы.

– Ата-анам маған адал кәсіп етуді үйретті. Соның арқасында осындай жетістіктерге жеттім. Алдағы уақытта да кәсібімді қанша кеңейтіп, қандай биіктерді еңсерсем де, ата-анамның маған «бетегеден биік, жусаннан аласа бол» деген ақылы әркез жанымда серік болады, – дейді ол.

Кәсіпті адал атқарған адам қай кезде де биік шыңдардан көрінетіні анық.

**Дәулет ҚЫРДАН**



**Сыр өңірінде маңғаз мақам мен сұлу саздың құны жоғары. Әсіресе, мұндай құндылық атадан-балаға беріліп, ұрпақтар сабақтастығы жүйелі дамып келеді. Атаның жолын жалғаған таланттар жыл санап артып, аймақ мәдениетін асқақтатуда. Ескіден қалған есті жолды жалғаған талантттың бірі – Амандық Жаппарбердиев.**

# «БАБА ЖОЛЫН ЖАЛҒАУ – БАЛАҒА СЫН»

**– Амандық, сізді Сыр өңірі салтанатты шара жүргізушісі ғана емес, Жаппарберді жырау Тілеубергенұлының ұрпағы ретінде де таниды. Арал, Қазалы жыршы-жыраулық дәстүрінің көрнекті өкілінің шөбересі есебінде дәстүрлі өнерді насихаттап келесіз. Ұлттық өнердегі ұрпақтар сабақтастығы осылайша жалғасын тапса керек. Әңгімемізді жыраулық дәстүр жайында өрбітсек...**

– Мектеп жасынан қолыма домбыра алғандағы мақсатым да осы болатын. Бірақ, сүлейлер сөзін терең ұғыну үшін алдымен тіл маманы ретінде сараптама жасауым керектігін түсіндім. Осы мақсатта 2009 жылы Ақтөбе мемлекеттік институтына оқуға түсіп, 2013 жылы филология факультетін бітірдім. Мұнан соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне дәстүрлі музыка өнері мамандығына облыс әкімінің гранты бойынша оқуға қабылдандым. Осы екі оқу орнында жүріп Батыс пен Сыр бойы жыршылық мектебімен жалпылама танысып, екі жыр мектебінің де мақамдарын еркін меңгеруге мүмкіндігім болды. Бұл тұрғыда менің ата жолын жалғап, дәстүрлі өнерге бет бұруыма ықпалы зор ұстазым, белгілі жырау Айбек Тәңірбергеновты, университет қабырғасында орындаушылықтың қыр сырын үйреткен Руслан Ахметовты ерекше айтқым келеді.

**– Жаппарберді жыраудың өнер иесінің өмірі мен шығармашылық қызметі жайлы деректер қазіргі таңда қаншалықты жүйеленген?**

– Ел арасынан құнды деректер жинап, тарихи-әдеби тұрғыда зерттеп, мәліметтер жариялаған Мұрат Сыздықовтың, Сыр бойы, оның ішінде Арал өңірінің жыраулық-жыршылық дәстүрін әдеби тұрғыда зерттеген белгілі фольклортанушы ғалымдардың кітаптары біраз мағлұматтар береді. Десек те, Жаппарберді жырауға қатысты мәліметтердің әлі де болса бір ізге түспей жүргенін де айтуымыз керек. Осы кезге дейін оның саусақпен санарлықтай ғана туындылары халық игілігіне жаратылуда.

Сонымен қатар, жыр қоры өте мол болған бабамның өз жанынан өлең шығармауы мүмкін емес. Үш күн таусылмай жырлайтын, өңірдің ең көрнекті жырауларының бірі болған. Нұртуған шайырдың «Мәулімнияз-Едіге», «Қарасай-Қази», «Паналы қыз» дастандарын, сансыз терме-толғауларын орындап, түрлі ән мақамдарын шығарған...

**– Өзіңіз сол мұраларды қаншалықты меңгердіңіз?**

– Бізге белгілі мақамының бәрін сала аламын. Жалпы, ол кісінің ән-мақамының иірімі мол, кең тынысты, күрделі болып келеді. Әр иіріміне мән беріп, шеберлікпен орындауды қажет етеді. Орындаушылық ерекшелігі – сағаға салып айтатыны болған. Ал домбыраның сағасына түсіп жырлау – дауысы қозы көш жерге жететін кең тынысты орындаушыларға ғана тән өнер. Жаппарберді жыраудың қолжазба мұралары сақталмаған. Десе де, дәстүрлі өнерден хабары бар жұртшылық оның талайы бөлек талант иесі екенін сөзсіз мойындайды.

**– Десе де, жыраудың көзін көріп, жырын тыңдағандардың қандай естеліктері бар?**

– 20-шы жылдары Сыр бойында үлкен бір жиын-той болып, арасы алшақтау жағалай үйлер тігіліп, бес-алты ауыл болып орналасады. Соған Нұртуғанның шақыруымен Жаппарберді, Жаңаберген бастаған алты жырау қатысып, әр ауылға біреуден бөлініп жырлапты. Жыр кеші таң атқанша созылып, таң атқанда Жаппарберді жырау ауылында ғана жыр тоқтамапты. Қалған ауылдың адамдары жырау отырған жерді көру үшін ол отырған ақбоз үйді көтеріп апарып басқа жерге орналастырады. Өздері Жаппарбердіні аппақ құмда қоршай отырған. Жырау терме мен дастаннан бөлек, ойнақы әндерді орындап та тыңдаушысын желпіндіріп отырады екен. Осы естелікті айтқан Үмбетәлі жырау «Шынында, Жаппарберді бәрімізден жүйрік, алдынан тыңдаушы кетпеген арқалы жырау еді» дейді. Ал туысқан ағамыз Оразғали Ерекешов сол жылдары Аманөткел ауылына жақын Қотанкөл деген жерде атақты бес жыраудың сайысқа түскенін, сайыста Жаппарберді жүйріктігін көрсетіп жеңімпаз атанғанын, Жаңаберген жырау екінші орын алғанын айтады.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВ**

* * *

# КӨҢІЛ ҚЫЛЫН ШЕРТКЕН ҚОҢЫР ҮН



**Қазақ «Ел іші – өнер кеніші» деп бекер айтпаса керек-ті. Сайын дала төсінде құйқылжыта ән салған сал-серілеріміздің ізін жалғаған ауылдағы өнерпаздар бүгінде жұртшылық жүрегіне жол тауып, қалың елді ән әлемінде әлдилеп келеді. Осындай таланттылардың бірі – Нұрбол Тұранов. Ол қоңыр даусымен сырдариялықтардың сүйікті әншісіне айналған. Нағи Ілиясов атындағы ауылдың мәдениет үйінің директоры. Жан-жақтылығымен танылып жүрген талант.**

Болар баланы алыстан танитын ұстаздар Нұрбол Мұхтарұлын кішкентайынан өнерге баулып, қанатын қатайту үшін бағыт-бағдар беріп, білгенін үйрете бастады. Мектеп бітірер жылы талантты жас 18-30 жас аралығындағы жас таланттардың облыстық деңгейдегі дүбірлі додасында бақ сынасқан әнші жас топ жарып, сайыстың бас бәйгесін қанжығасына байлаған.

«Бұл – менің ең алғашқы үлкен сайысым еді... Мәдениет үйінің қызметкері, әншілік жолда өздерінің сүрлеуін қалыптастырған мүйізі қарағайдай таланттармен бірге додаға түсіп, оның бас жүлдесін иелену – мен үшін үлкен құрмет болатын. Сол сәттегі үлкен жеңісім әлі күнге есімде. Бойымды бір қуаныш кернеп, ата-анамның



және ұстаздарымның алдында өнерге деген махаббатымды дәлелдегендей болдым» – дейді талантты әнші алғашқы жетістігін ойға алып.

Одан бері де Нұрбол Мұхтарұлы талай биікті еңсерді. Бүгінде аудандық мәдениет үйінің жанындағы «Сырдария» квартетінің беделді мүшесі. «Атамекен» атты аудандық жас әншілер байқауында бас жүлдені жеңіп алған. Орал қаласында өткен Ескендір Хасанғалиев атындағы «Атамекен» халықаралық байқауының арнайы жүлде иегері. Байқоңырда өткен «Ерлік – ұрпақ ұраны» атты облыстық әскери-патриоттық байқаудың бас жүлде жеңімпазы. Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» патриоттық ән байқауының лауреаты. Нұрғали Нүсіпжановтың 80 жылдығына орай өткен «Ән-Дария» атты облыстық байқауда бас жүлдені иеленді. Рамазан Таймановтың әндерін орындаушылардың «Қазақ қызы» атты облыстық байқауының I орын жеңімпазы. Бүкілодақтық өнер фестивалінің лауреаты, сазгер Жұма Даниловтың 70 жылдығына арналған «Сағыныш» ән байқауында II орынды еншілесе, «Ән жүрегім – Қызылорда» өнер бәйгесінде аламанның алдын бермей, I орынды қанжығасына байлады. Алматы қаласында өткен «Ең таңдаулы ән, тұсаукесер – 2018» фестивалінің «Ең таңдаулы ән» номинациясын жеңіп алды. Мәдина Ералиева атындағы облыстық «Ақбаян» әншілер байқауында I орынды иеленді. Нұрболдың қоржынында мұндай жетістіктердің сан алуан түрі бар.

«Мен үшін жетістік жай ғана марапаттан тұрмайды. Өнер адамы үшін ең үлкен жетістік – халықтың ықыласы. Елдің батасынан асқан еш нәрсе жоқ. Өнер адамын халықтың, елдің адамы санайды ғой. Міне, бойда өнеріміз болса, ол – халыққа. Біз сол талант пен дарын арқылы елге қызмет етіп, қабілетімізді дамытамыз. Алдағы уақытта да тынымсыз тер төгіп, туған елімнің қолдауымен биік жетістіктерге жететініме сенімдімін» дейді жас әнші.

Тәуелсіздік алғалы өнеріміз де, салтымыз бен санамыз да тәуелсіздіктің тартуындай болып, өз дәрежесінде ұлықталып келеді. Бұл ретте Нұрбол Мұхтарұлы «Өнерімді өміріммен егіз көремін» деп қасиетті өнерге деген ерекше құрметін де байқатып келеді. Өзі үйрене жүріп, өзгені үйретеді. Жұртшылыққа да дарынымен қызмет етіп келеді. Өзі жас болса да, бас болып бүтіндей бір ауылдың мәдениетін басқарып жүр. Кейінгі толқынға үйретері де көп. Бірақ, қай кезде көрсең де «Бетегеден биік, жусаннан аласа» қарапайым болмысынан танған емес.

«Менің өмірдегі ең мықты ұстазым – әжем. Ол маған өнерде де, өмірде де көп дәріс оқыды. Адамдық пен адалдықтың жоғары деңгейінде болып, асыл армандарымның орындалуына қалай қадам басуым керегін айтты. Санама сәуле шашып, көзқарасымды қалыптастырды. Дүниетанымымды кеңейтті. Міне, мен әжемнің берген бағытымен өнерге келдім. Оның қолдауымен көп жетістіктерге жеттім. Ол кісінің алдында басымды иемін» дейді талантты әнші.

Бүгінде аудан-облыс төңірегінде талантымен танылып, биік шыңдарды еңсеріп жүрген жас өнерімен аудан халқына қызмет етіп келеді. Арманы мен мақсатына айқын қадам басып, кемел келешекке бет алған ол қай кезде де діттеген межесіне жету жолында табандылық танытуда. Осындай қайтпас қайсарлық болмыс өнер адамына ең қажетті қабілеттің бірі екенін алға тартады ол.

«Мен тәуекел еткенді жақсы көремін. Бір жерден «Тесік қайықпен жүзіп, теңіз ортасында батып кетуден емес, өмір бойы сол қайықта тапжылмай қалудан қорқу керек» деген сөзді оқыған едім. Маған қатты ұнады. Тәуекел еткен адам қай кезде де жеңіске, өз мақсатына жетеді. Содан соң тұрақтылық керек. Өзіңнің ұстанымың, бағытың мен бағдарың болу керек. Ұстанымыңды жоғалтқаның – өзіңді жоғалтқаның. Сондықтан, болмысыңды қалыптастыру ұстанымыңмен жүруден басталады. Ал еңбек ету, ізденіс дегеніңіз кез келген салаға тән. Даму үшін еңбек ету керек, білімің мен өнерің арқылы көш бастауың үшін ізденісің мол болған жөн. Солай ғана ойлаған межеңе бағыт аласың. Бүгінгі қоғамның өз заңы бар. Ол – «Оз! Озбасаң, жол бер!» деген. Яғни, тынымсыз ізденe жүріп, жетістікке жетесің. Сәл аялдай қалсаң, артта қаласың. Уақыт дегеніңіз сол өзі өлшеп тұрып, өзі өлшенетін дүние. Біз әр нәрсенің уақыты келеді дейміз ғой, уақыт келмейді, уақыт өтіп жатыр. Ал дамығың келсе, сол уақыттың көшінен қалмау керек» дейді өнер адамы.

Әсте, мақсатқа жетудің бір-ақ жолы бар. Ол – еңбек. Нұрбол Мұхтарұлы мұны жақсы түсініп, заман талабына сай еңбек етіп келеді. Сүйсінесің, бәрекелді дейсің.

Сонау Париж төрінде Әміре Қашаубаев қазақтың қоңыр даусының құдіретін танытты емес пе?! Ән өнеріне ерекше ықыласпен кіріскен Нұрбол осы кереметті күн сайын сезініп келеді. Оның жұмысы – ән, өмірі – ән, көңілі – ән. Өйткені, шынайы шығармашылық адамы солай болады...

Алар асуың аласармасын!

**Дәулет ҚЫРДАН**

# ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында апатты жағдайдағы ауыл мектептері мен денсаулық сақтау нысандарында болып, жастармен, сондай-ақ ауыл тұрғындарымен «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысу мәселелері бойынша кездесу өткізді.**



Президент тапсырмаларын орындау аясында білім беру, денсаулық сақтау және жұмыспен қамту мәселелері ерекше бақылауда. Мектеп тапшылығы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы мен «Білім беруді қолдау» қорының көмегімен шешілетін болады. Соның нәтижесінде үш жыл ішінде өңірде 30-дан астам білім беру нысанын салу межеленген.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін биыл облыстық қан орталығы мен мамандандырылған емханасы бар 300 орындық (онкологиялық бөлімшесі бар) көпсалалы аурухана, Арал ауданы Сексеуіл ауылында 40 төсектік аурухана құрылысын салу жоспарланған.

Жастарды жұмыспен қамту – аймақтағы өзекті мәселелердің бірі. Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен кездесуде мемлекет ұсынған мүмкіндіктер туралы айтылды.

Атап айтқанда, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу барысында жалақыны субсидиялайтын «Бірінші жұмыс орны» және оқу процесінде еңбек тәжірибесін жинауға көмектесетін «Жастар практикасы» жобалары іске қосылды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 5-7 жылдан аспайтын мерзімге, жылдық 2,5%-дан бастап, икемді шарттармен 5 млн теңгеге дейін несиелер беру арқылы жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдайды. Облыста 2023 жылы осындай жобаларды іске асыруға 1,2 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. 7 өтінім мақұлданды.

Бизнесті дамытудың тағы бір тәсілі – халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтары үшін өтеусіз грант табыстау.

А.Көлгінов жастармен белсенді жұмыс жүргізу, жастарға бағытталған қолдаудың барлық тетіктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажеттігіне тоқталды.

«Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жастар мәселелерін шешудің пәрменді тетіктері енгізілді: жастарды оқыту, жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға көмектесу, тұрғын үй сатып алуына жәрдемдесу және т. б. Көбінесе жастар өздеріне берілген мұндай мүмкіндіктер туралы білмейді. Ақпараттандырудың, кері байланыс орнатудың барлық тәсілдерін қолдану қажет. Өйткені жастарды қолдауға қаражат қарастырылып, толық көлемде бөлінетін болады», – деп атап өтті ҚР Премьер-Министрінің орынбасары.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға бағытталған. Оны өңірде жүзеге асыруға 2023 жылы 3 млрд теңге қарастырылған.

Премьер-Министрдің орынбасары Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылы тұрғындарымен кездесіп, бағдарламаның шарттарына тоқталды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарына өз бизнесін бастауға немесе бұрыннан бар бизнесті дамытуға мүмкіндік береді. Ол үшін жеңілдікпен несие мөлшерлемесі енгізілді, бюджеттен қомақты қаражат бөлінуде. Ауыл тұрғындарынан талап етілетін басты нәрсе – бастама көтеру мен жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Ауылда жайлы өмір сүру үшін жағдай жасалуда, мектептер, ауруханалар, жолдар, инженерлік инфрақұрылым салынуда. Бағдарлама – ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартудың тағы бір қадамы», – деп атап өтті А.Көлгінов.

# ВЕНГРИЯДА БАҚ СЫНАЙДЫ



**Жуырда Венгрия мемлекетінде өтетін IOI 2023 халықаралық олимпиадасында Қазақстан құрмасының атынан қызылордалық оқушы Мансур Мамадахунов бақ сынайтын болады.**

С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің 8-сынып оқушысы халықаралық бәсекеге информатика пәні бойынша қатыспақ.

Айта кетейік, дәстүрлі олимпиада 28 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында өтеді. Оған бүкіл дүниежүзінен мыңға жуық бала қатысады деп жоспарлануда.

# МЕЙІРІМДІ МЕЙІРАҒА

Ауырып ем іздеп, балтыры сыздап келген науқастың құлантаза айығып отбасына оралуына үлкен жауапкершілікпен қарайтын ақ халатты абзал жандардың еңбегі өлшеусіз. Осы орайда білікті де білімді маман, тері-венерология қабылдау бөлімінің мейірағасы Ишанбай Мейірбек Мейрамбекұлына ағалық алғысым шексіз. Ол науқастың жанын түсініп, мейірімді жүрегімен, жылы сөзімен көңілін аулап, сапалы ем-домын жасап көптің алғысына бөленген жан. Мейірімді мейіраға Мейірбек болашақта өз маманының іскер азаматы болатынына сенімім мол. Отбасына аманшылық, жұмысына абырой тілеймін.

**Ілесбай СЕРІКБОЛСЫН, емделуші.**
**Қызылорда қаласы**

# ТӘРБИЕ – БІЛІМНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

**Облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет білім саласындағы негізгі мәселелерге арналған кеңейтілген алқа жиынын өткізді. Мәжіліс отырысына қала, аудандық білім бөлімдерінің басшылары мен басқарма жанындағы орталық басшылары және облыс бойынша білім беру ұйымдарының басшылары директорлары Zoom платформасы арқылы қатысты.**

Отырыста ҰБТ-ға дайындық жұмыстары, халықаралық TIMSS-2023, ICILS-2023 зерттеулерге дайындық барысы мен 2023 жылы оқулықпен қамтамасыз ету шаралары, 2023-2027 жылдарға арналған қадамдық жоспар негізінде 2023 жылы мектепке дейінгі ұйымдарды ашу және әлеуметтік осал топқа жататын отбасындағы балаларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Сондай-ақ, облыстық олимпиада қорытындысы, цифрландыру бағытындағы шаралар мен білім беру ұйымдарында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру жайы талданды.

Жиында Мейрамбек Зинабдинұлы білім беру саласындағы индикаторлық көрсеткіштердің орындалуын саралап, күн тәртібінде талқыға түскен мәселелерді жеке-жеке талдады. Мәжілісте бөлім басшылары Шолпан Жүнісова, Қарлығаш Әнуарова мен Зарипа Матжанова және облыстық "Дарын" орталығының директоры Айжан Қиянбекова сала бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар шеңберінде баяндама жасап, алдағы міндеттерге қатысты есеп берді.

Басқарма басшысы Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыруда оқушылардың дайындығын күшейту, халықаралық зерттеулерге қатысатын мектептердің дайындығын пысықтауды айтты. Сондай-ақ, «Отбасылық цифрлық карта» базасын уақытылы жасауды, білім беру ұйымдарында тегін тамақты сапалы ұйымдастыруды, құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу бойынша іс-жоспары негізінде тәрбие жұмыстарын күшейтуді тапсырды.



# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚТЫ ТАҢДАУ

**Қазіргі таңда заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, арман-мақсатыңа жету үлкен өнерді, өмір сүру өнерін меңгеруді қажет етеді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек. Мектеп бітіруші түлек алдымен ЖОО-ға түсу үшін негізгі пәндерін таңдайды, ал қандай мамандық деген кезде ойланып қалатыны анық. Мамандықты саналы таңдауда адам қабілетінің қалыптасуы үлкен маңызға ие. Оның ішінде қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы сенім бар. Қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруде жылдамдық, тереңдік, икемділік болып есептеледі. Сондықтан мамандық таңдауда қабілеттіліктің алатын орны ерекше деп айтамыз.**

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдауға дайындайтын мақсатты іс-әрекет. Ол арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, оның мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттермен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы роліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандық – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.

Алдымызға келіп білім алып жатқан студенттердің басым көпшілігі таңдау пәнінен қателесетінін естігенде көңілге кірбің ұялайды. Мәселен, «химия-биология» таңдау пәніне дайындалып, негізінде «химия-физика» пәндерін таңдап та мықты сала маманы болып шығатынынан мүлдем бейхабар.

Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы (Е.А.Әубакіров, Г.Ж.Жақсылықова, Н.Ж.Құдайбергенов, Е.Ж.Үсіпбекова, Ф.М.Қанапиева, Ж.Супиева, Г.К.Василина) ұйымдастыруымен еліміздің бірнеше өңірінің мектептерімен (Қызылорда, Абай, Жамбыл облыстары) онлайн форматта ашық кездесу өткіздік. Бірнеше мектеп басшылығы мен оқушылар қатысып, университет, факультетіміз және кафедралармен танысып, көкейде жүрген сұрақтарға жауап алып, ризашылық білдірді.

Бүгінгі білімді жас Жаңа Қазақстанның ертеңі болу үшін мамандықты дұрыс таңдағаны жөн. Өйткені XXI ғасырда жұмыс істейтін мамандар Отанның мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын мемлекетті басқару мен өз саласын жетік меңгерген маман болуы қажет.

**Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА**

# ЖАС ПЕДАГОГТАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ



**«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының мәліметінше, 17-21 сәуір аралығында «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің VI Республикалық байқауы өтеді.**

Конкурсқа жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар және білім беру мекемесінде мамандығы бойынша үш жылдан аспайтын педагогикалық жұмыс өтілі бар барлық үлгідегі білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлері қатыса алады.

Мамандардың әлеуметтік мәртебесі мен шығармашылық әлеуетін арттыру, инновациялық қызметін дамыту, кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау және оларды білім беру ұйымдарында бекіту мақсатында Жас педагогтер конкурсы өткізіледі, – деп атап өтті орталық директоры Сержан Әлібаев.

# БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ БӨЛЕК ӘЛЕМ



**Облыстық психикалық денсаулық орталығы психиатриялық стационар жанында балалар бөлімі жұмыс істейді. 40 орындық бөлімшеде жүйке жүйесі ауруына шалдыққан, ақыл-есі дамуы тежелген жеткіншектер ем алады. Балалармен біліктілігі жоғары мамандар жұмыс істеп, сапалы медициналық көмек көрсетеді.**



Емдеу шаралары барысында орталық мамандары медикаментозды шарадан бөлек, емдеу процесінде еңбек терапиясын қолданады. Яғни науқастарды еңбекке баулып, қолөнермен айналысуға машықтандырады.

Бөлімде арнайы еңбек терапиясына арналған кабинет бар. Салима Урашова – білікті маман, тәжірибелі еңбек нұсқаушысы. Ол балаларға қолөнер бұйымдарын жасауды үйретеді. Науқастар түрлі моншақ жасап, бисерден әдемі дүниелер тоқиды. Кабинетте арнайы тігін машинасы да бар. Ем алушылар бос уақыттарында осында қажетті білім жинақтайды.

"Өзіме балалармен жұмыс жасаған қатты ұнайды. Ем алушылардың басым көпшілігі өте талантты, әрі еңбекқор. Емнен бір сәт көңілдерін бөліп, жанына жақын дүниелермен айналысады. Жалпы, еңбек терапиясы балалардың ойлау жүйесі мен ақыл-есінің дамуына оң әсер етеді", – дейді С.Урашова.

Жуырда бөлімшеде олигофрено - педагог маманы қызметіне кірісті. Жас маман Айгерім Базарова ақыл-есі кем балалармен жұмыс жасайтын болады. Ол ем алушылардың диагнозына қарай оқу мен жазуды үйретіп, логикалық есеп шығаруға машықтандырады. Сонымен қатар балалардың ойлау жүйесін дамытуға септігін тигізетін ойындар ойнатпақ. Айгерім өзіне жүктеліп отырған жауапкершіліктің маңызын жақсы түсінеді.

"Қазіргі уақытта бөлімде 22 науқас ем алып жатыр. Ең басты мақсат – балаларға көмек көрсету. Алдағы уақытқа көп жоспарым бар. Мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырғым келеді", – дейді Айгерім Базарова.

# ЖАСТАРҒА ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА



**М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Музыкалық білім беру мамандығының» МБ-В-21 тобы «Иманның кілті – жүректе» атты жастарға рухани сабақ боларлық, тәлімі мол тамаша шараны өткізді.**

Тәрбие сағатының мақсаты – жастарды ізгілікке тәрбиелеу, діни сауатын арттыру.

Шарада «Адаспашы бауырым» атты қойылым көрсетілді. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өз сөзінде «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтқан. Бұл ұлағатты сөз адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырын ашып көрсетеді. Сондықтан жастардың тәні сау, жаны рухани бай, жүрегі иманды, адамгершілігі мол болып өсуі – қоғамның көрсеткіші болмақ. Демек ортақ қоғамның игілігіне әрбіріміз жауаптымыз.

**Мөлдір АЛДАНАЗАРҚЫЗЫ,**
**М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті**

# ТАНЫМ ТАҒЫЛЫМЫ

**Жалғыз қазақ халқының ғана емес, барша адамзат баласының Абайы дүниеден озғаннан кейінгі уақыттарда Алаштың қайраткерлері мен қазақ зиялылары Абай Құнанбайұлын жоқтауды бастады. Қазақтың рухының өктем болуын, Алаш арыстары өз жолын табуын Абаймен байланыстырды. Халқымыздың сөйлеудегі ерекшеліктері, сөйлемдерді құрастыруы Абайдан алынған деседі. Оған бірден-бір мысал ретінде Ахмет Байтұрсынұлының сөздерді түрлендіріп жазу әдісін Абай Құнанбайұлынан айта аламыз.**

«Қазақ газеті» Абай Құнанбайұлының өмірден өткеніне он жыл толуы негізінде өткен өмір жолын, өнерін келер ұрпаққа дәріптеу ниетінде арнайы мақалаларды қолға алған. Соның бірі – Абайтану тарихында ең бір елеулі оқиғалардың бірі «Қазақ газетінде» редактор болып істеген ағартушы атамыздың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының жариялануы еді. Бұл мақала қазақ әдебиеті саласындағы бірінші зерттеулердегі шығармалардың қатарынан екендігі белгілі. Мақала негізінде ұлы ақынның рухани тұлғасы, көркем шығармаларындағы сөз саптауы, тарих қойнауындағы алған орны суреттелген деседі.

Одан бөлек, ұлы Абайдың қара өлеңдерінің мағынасының тереңдігі туралы зерттеулер ақынның сыншыл екендігін аңғартқан. Мақаланы жазу барысында Абай шығармашылығын сыни ойлау негізінде қарастырған Ахмет Байтұрсынұлы қайран қалғандығын бүкпесіз баяндаған. Оған дәлел «Абайдан асып түсетін қазақтың қай заманында болмасын ақын жоқ» деп сипаттауынан аңғаруға болады. Мұндай түйінделген саралы ойдан кейін бұл сөздің ұлылығын мойындамасқа хақ бар ма?! Жарияланған мақала негізінде Ахмет Байтұрсынұлы «ақын болса Абайдай болсын» деген тұжырымға келе, өзі редакторлық қызмет атқаратын «Қазақ» газетіндегі жарияланатын шығармаларға Абайды үлгі ететіндігі байқалған. Сол уақытта жариялаған мақаласы барлық ой-толғауларының жинағы, тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні болған тәрізді. Ахмет өз шығармасында талай ақын-жазушылардың айтып жүрген мәселелерін көтере келе Абай өлеңдерінің тіл тұрғысынан салмағы ауырлығын, мәнін түсіну қиындау екендігін айтқан. «Жыр жазушы адамдар бір жағынан жазушы, екінші бір жағынан сыншы бола білуі керек. Сөздердің шырайлылығы, оның өңді болуына ойлардың шеберліктері қажет. Көпшілікке ұнайтындай, татымды, орнықты болуына сыни көзқарас қажет, мән-мағыналы, маңыздырақ болып шығуына ғылым-білім қажет. Абай Құнанбайұлының шығармаларында, осы аталғандардың барлығы бола білген» деген ұтымды ойымен бөліскен. Ахметтің мақаласы барысында Абайдың өлеңдеріне деген мықты мысалдар келтірген. Сондықтан болар бұл шығарма Абайтану тарихында айрықша орын алған. Шынтуайтына келгенде, Ахметтің Абай шығармашылығына эстетикалық талдау жасауы сынды зерттеулер өте сирек кездесетін. Сондықтан да бұл мақаланың қай тұрғыдан болмасын алар орны ерек, тұрар тұғыры биік.

Қорыта келгенде А.Байтұрсыновтың "Қазақтың бас ақыны" атты мақаласының жарық көруі Абай ұлылығын қазаққа тағы бір мәрте паш еткен дүниелердің бірі болды. Нәтижесінде Абай шығармалары жан-жақты талданып, шеберлігі дәл суреттеліп, эстетикалық тұрғыдағы сынды қалыптастырғандай. Абай шығармалары қашанда өзекті, әуезді әрі әлді болған. Құрылымдық ерекшеліктері, өлеңдердегі ұйқас жолдары, әдебиеттегі барша көркемдеуіш құралдардың үйлесім табуының шарықтау шегі де осы Абайдың шығармаларында. Қазақтың көркем әдебиетіне осындай сүбелі шығарма ұсыну арқылы Ахмет Байтұрсынұлы талдау жүргізудің негізін қалауға үлес қосты. Ел басына күн туғанда бар қиындығын жүрегімен сезіне жырлаған Абайдың ұлылығын сөз етпеу ауыр күнә болар. Ұлы Абай ойы адами қасиеттерді зерделеді, әдебиетімізді әуелеген әнімен, сазды әуенімен тербеді. Барша қазақ әдебиетіндегі ақын, жазушыларымызға үлгі боларлықтай шығармаларды өмірге әкелді. Осындай алып тұлғаның қазақтың маңдайына біткен шоқжұлдызы болғандығына қуана отырып, тағзым етеміз!

**Дамир СЕЙЛХАНОВ**





# АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Шет тілі – үлкен тәрбиелік диапазон. Ол оқушылардың жан дүниесін байытады, ой-өрісі мен көркемдік талғамын кеңейтеді, достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқудың алғашқы кезінде оқушы тілдік материалды жеңіл меңгеріп кетуі мүмкін, ол бара-бара материалдың күрделенуіне байланысты оқушы әртүрлі қиындықтарға кездеседі. Ал бұған мұғалім дер кезінде көмектесе алмайды. Демек оқушы үшін тілдің түрлі құбылыстарын меңгеру өте қиын деген ойға келеді. Бұдан тек сабақта ойын түрлерін пайдалану арқылы шығып кетуге болады. Ол үшін мұғаліммен бірге оқушы да ойынның шартын, ережесін меңгеруі тиіс. Ойын түрлерін мақсатсыз қолдана беруге болмайды. Осы тәсілді дұрыс қолданып өткізілген сабақта оқушының шет тілін үйренуге деген ықыласы, сол тілде сөйлеп үйренуге деген қабілеті артып, тілді жақсы меңгеруге қызығады. Зерттеу жұмыстарына қарағанда оқушының білім алуға деген ықыласы белгілі бір дағдылар мен ынтаны қажет етеді. Сондықтан сабақ процесінде танымдық қызығушылық пайда болады.

Бастауыш кезең оқушыларында заттың сыртқы түріне қызығушылық басым. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Студенттер тәжірибе жинақтау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де даму үстінде болады.

Педагогикалық технологиялар арқылы ағылшын тілі пәнін меңгертуде мынадай түйінді мәселелер өз шешімін табады. Олар ағылшын студенттің тілді тереңірек танып-білуіне, өз ойын ағылшын тілінде еркін білдіруге қажетті дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді. Практикалық бағытына басымдық берілетіндіктен студенттің білімді өмірде қолданудың маңызы жайында түсінігі дамиды, ақпараттық мәдениеті қалыптасады, студенттер проблемаларды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді. Қазіргі кезде ағылшын тілі мұғалімнің тапсырмасы балаларды ағылшын тілін меңгертіп қана қоймай, оларды өздігінен жұмыс істеуіне, тілге деген қызығушылық-тарын дамытуға жол салды.

Балаларды тілге үйретуде сабақ жеңіл, қарапайым және қызықты болуы қажет, ол үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс пайдалана білу керек. Бастапқы кезде хормен, жұппен, топпен жұмыс істеп, сонымен бірге ойын, жарыс ұйымдастырып, көрнекі құралдарды пайдалану қажет. Бастауыш сынып оқушыларына магнитофон тыңдатып, оған еліктеуге үйрету қажет болса, жоғары сынып оқушыларына мәдени-рухани құндылықтармен байланыстыра жеткізген тиімді.

**Гүлмира ШАМШАДИН,**
**Арал ауданы, Үкілісай ауылы №265 негізгі мектептің ағылшын пәнінің мұғалімі**






# ҒАЛАМТОРДЫҢ ҒАЛАМАТЫ НЕДЕ?



**Ғаламтор өміріміздің мәні мен сәніне айналғаны қашан. Қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған дүние. Бүгінгі күнде ұялы телефонсыз өмірді елестету мүмкін емес. Оның жылдамдығы кішкене нашарласа болды, ашуға мінеміз...**

Ғаламторды қолданатын кез-келген адам өзіне қалаған ақпаратты тауып, қажетіне жаратады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеседі. Интернет адамның білімін кеңейтеді,соның арқасында шет тілін үйреніп,түрлі сабақ, тренингтерге қатысуға да болады. Одан бөлек ғаламтор – табыс көзі. Үйде отырып-ақ жұмыс істеп, пайда тауып жүргендер аз емес. Алысты жақындатып, бауырларыңмен, көп уақыт көріспеген алыс туысқандарыңмен де оңай әрі тез байланыстырып береді. Тіпті, сағынсаң бет-әлпетін көре алатындай бейнеқоңырау арқылы да хабарласа аласың.

Алайда, ғаламтордың зияны қатар жүреді. Оны ғылым мен техниканың шынайы жетістігі дегенмен ғаламторға тәуелділік ғаламдық проблемаға айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар шынайы адамдар арасындағы жанды қарым-қатынасты бұзды. Ұялы телефонда көбісі грамматикалық қате жібереді, көп сөздің қалай дұрыс жазылатынын ұмытып, шұлдірлеп сөйлейді. Ең басты зиянды тұсы – денсаулыққа тигізетін кері әсерінде. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы нашарлайды. Себебі, адам артық қимыл-қозғалыс жасамайды. Соның салдарынан түрлі дертке шалдығуы мүмкін.

Одан бөлек қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар көбейіп кетті. Желіде жарияланған ақпарат фейк болуы да мүмкін, сондықтан әрбір жаңалыққа сын көзбен қараған абзал.

Жалпы компьютердің алдында көп отырмай, тек керек ақпаратты алса ғана адамға зияны жоқ. Тек сол ғаламторға тәуелді болып қалудан сақтанған жөн.

**Ғазиза ЕРЛАНОВА,**
**№5 мектеп-лицей оқушысы**

# МУЗЕЙ «Э» ӘРПІН ЖАҚСЫ КӨРЕДІ



**Экскурсовод деген мамандық жоқ. Кез-келген энтузиаст экскурсовод бола алады. «Экскурсия» сөзі латыннан аударғанда «серуен» дегенді білдірсе, экскурсовод – серуеннің жетекшісі. Музей серуенінің басты кейіпкерлері – экскурсанттар. Музейге келуші қонақтар. Музей – театр емес. Театрда көрермен, кітапханада оқырман, музейде экскурсант не музейге келуші болады.**

Экскурсовод – музейдің айнасы. Музейге алғаш келгенде осы сөзді біздің музейдің музасы Жанар Дәуренқызынан алғаш естідім. Расында солай! «Қош келдіңіздер!» деп музейге келушілерді құрақ ұшып қарсы алатын – экскурсовод.

Ол музейде міз бақпай қатып тұрған әр экспонатты сөйлетеді, келушіге сырын ашады, сезіндіреді, өткен ғасырға өзімен бірге алып кетеді, келушіні рухтандырады, қанат бітіреді, таным көкжиегін кеңейтеді, экскурсантпен диалог құрады, естелік әңгімелерін тыңдайды, тарихқа деген қызығушылығын оятады және алдағы күндері экскурсантты қайта күтеді. Иә, қайта күтеді. Жақсы экскурсиядан кейін экскурсант міндетті түрде музейге қайта оралады. Енді бір өзі емес! Отбасымен, достарымен, әріптестерімен... Музей педагогикасының басты миссиясы да осында – музей достарын көбейту!

Экскурсовод тақырыпты, уақытты, экспозицияны және аудиторияның күш-қуатын өлшей алу керек. Музей экспонаттарының әрбірін тұла бойынан өткізіп, сезіне алуы керек. Күнде көріп жүрген дүниені жаңа көргендей қонақтармен бірге таң қалу, сұраққа егжей-тегжейлі жауап беру, қарапайымды шытырманға айналдыру – нағыз экскурсоводқа тән қасиеттер.

Экскурсовод кім? Ол рухани көшбасшы, өлкетанушы (жергілікті аймақтың тарихын зерттеуші), актер-орындаушы, психолог-педагог (кез-келген ыңғайсыз жағдайда экскурсанттың көңілінен шыға білу, танымына жол табу), драматург (экскурсия тілін білу, экскурсиялық материалдың композициялық құрылым заңдарын түсіну), социолог (қоғамды түсіну, экскурсанттың жас ерекшелігіне, кәсібилігіне, ішкі құндылықтарына басымдылық беру), экскурсия мәтінін құрастырушы (авторлық экскурсиялар т.б.), әдіскер (әр экскурсияға тән әдіс-тәсілдер) және т.б.

Мықты жады, қиял, эрудиция, интеллект, дикция, реакция, ұйымдастырушылық, бақылаушылық, коммуникативтілік, мәдениеттілік, шешендік өнер. Мұның барлығы экскурсоводтың бойында болу керек қасиет. Бұған тағы не қосар едіңіз?

**Әйгерім БЕКҚҰЛИЕВА,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі**

# «ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК АРМАНЫМА ЖАҚЫНДАТТЫ»



**Соңғы жылдары Сыр жастарының спорттағы жетістігі ел назарында. Әсіресе, бокс бәсекесіндегі жерлестеріміздің жеңісі аймақ абыройын ғана емес, ел намысын асқақтатып келеді. Сондай жарқын жеңісі арқылы танылып жүрген талантттың бірі – Нұрсұлтан Алтынбек Ол жуырда Азия чемпионатында алтын еншілеп, болашағынан үміт күттіретін спортшы екенін әйгілеген еді. Осы орайда жерлесімізбен шағын сұхбат ұйымдастырған болатынбыз.**

**– Нұрсұлтан, Азия чемпионатындағы жұдырықтасу қалай өтті?**

– Әрбір жарыс жауапкершілік жүктейді. Жарыс алдында дайындықты пысықтау, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үнемі назарда. Азия чемпионатында да осы үрдістен жаңылмай, жүйелі жаттығу ұйымдастырдық. Бапкерлердің біліктілігінің нәтижесінде алтыннан алқа тағып, туған жерге жеңіспен оралу бұйырды.

**– Жеңіс қандай сезім сыйлады?**

– Жарыстың тартысты болғаны ұнайды. Еш қуаныш жеңіл келмесі анық. Маңдай тер, тынымсыз ізденістің ақталар сәтінде есе жібермеуге талпынасың. Бұл жолғы Азия чемпионаты өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған екен. Сөзсіз, тәжірибе мектебіне айналды. Әрине жеңімпаз атанған соң көңіл-күйіміз көтеріңкі, барлығына дән ризамын. Бұл – жеңістің жолдың басы. Болашақта дүниежүзілік, халықаралық додаларда топ жаруға талаптанатын боламын.

**– Спорттағы басты арманыңыз қандай? Енді спортпен шұғылданып жатқан жастарға ақыл-кеңес айта өтсеңіз...**

– Кез келген спортшының арманы – біріншi кезекте олимпиада жеңімпазы болу. Арманыма жету үшін бар күшімді саламын. Алда болатын Әлем чемпионаты мен Азия біріншілігінде топ жару – менің ең үлкен арманым. Ұстаздарымыз: «мықты спортшы болу кез келгеннің қолынан келеді. Бірақ чемпион болу – бәріне бірдей бұйыра бермейтін бақ» дейді. Осы бақ біздің басымызда ұзақ тұрса екен деп тілеймін.

**– Жетістікке жетудің бір себебі білікті бапкер екені даусыз. Жалпы спорт жолына баулыған ұстазыңыз кім?**

– Әрине, әрбір спортшының қалыптасуына туған-туыс, жақын адамдардың көмегі зор. Менің де спортқа келуіме жиеним әсер етті. Екеуміз бала кезден боксқа қызығып, бірге жаттықтық. Дайындықты үзбеуге тырысып, өзара бәсеке орын алды. Нәтижесінде жүлделі орынға жететін спортшы болуыма жол ашылды.

Алғашқы ұстазым – Жаңабек Әлиев. Ол білім-білігін аямай, додаларда жақсы нәтиже көрсетуіме күш салды. Үнемі ақыл-кеңесін айтып, жарыс сайын жіберген қателігімді көрсетіп отырады. Ағаның көмегінің арқасында Жасөспірімдер арасында Азия біріншілігінің күмісті еншілесем, Жастар арасындағы Азия чемпионы атандым. Бүгінде Қызылорда қаласындағы аға жаттықтырушы, білгір маман Жамиль Жүсіповпен дайындық үстіндемін.

**– Кәсіби мансабыңызды енді бастаған боксшы есебінде бет түзейтін спортшың бары анық. Сіз үшін үлгі аларлық боксшы кімдер?**

– Қазақстандағы бокс мектебі әлемге танымал. Біздегі жаттығу жүйесі, бапкерлер тәжірибесін әлем мойындайды. Сондықтан әрбір қазақстандық боксшының сәтті нәтиже көрсететіні анық. Барлығы құрметке лайық. Дегенмен жарыс жолында шыңдалуға жәрдемдескен боксшы ағаларымды атап өткім келеді. Олар 2017 жылы Әлем чемпионы Қайрат Ералиев, «2021 Әлем біріншілігінің» жеңімпазы Сәкен Бибосынов, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Махмуд Сабырхан. Үлгі тұтар ағалармен жаттығу жиынында тәжірибе алмасып, үлкен сабақ алдым.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

# СПОРТПЕН ТҰРАҚТЫ АЙНАЛЫСАМ ДЕСЕҢІЗ...

**Бүгінгі таңда спорт адамзат тарихында болмаған маңызға ие. Заманауи технологиялардың күннен-күнге адам еңбегін алмастыруына байланысты белсенді өмір қағидалары біртебірте ұмытылып бара жатқаны өтірік емес. Спортсүйер қауымның азаюының орынды себептері бар, алайда кез келген мәселені шешуге болатынын ұмытпаңыз! Сол себепті бұл мақалада көпшіліктің белсенді өмір сүруіне тосқауыл болып жүрген кедергілер жәнe спортпен тұрақты түрде айналысу жолы ұсынылатын болады.**



Күнделікті спортпен айналысуға кедергі келтіретін алғашқы мәселе – бос уақыттың жетіспеушілігі. Күнделікті қауырт тіршілікпен өз-өзімізге көңіл бөлуді ұмытып кетіп жататынымыз рас. Жоспарсыз келетін шұғыл шаруаларды, мерзімі тақап қалған жұмысты орындап жүріп, күніміздің қалай өткенін де аңғармай қаламыз. Бәрімізге күніне бірдей уақыт – 24 сағат берілетінін ескере отырып, уақыттың жетіспеушілігі спортпен айналысуға кедергі болмайтынын ұғындым, себебі сіз өз уақытыңызды қожайынысыз!

Кейбір адамдардың уақытынан бұрын берілуіне себеп болатын екінші мәселе – нәтиженің кеш келуі. Барлығымыз қысқа мерзімде үлкен жетістіктерге жетуге асығамыз, бірақ алға қойған мақсат ұзақ еңбекті талап ететінін кей жандар түсіне бермейді. Жаттығудан кейін бірден таразыға жүгіретіндер де аз емес. Алайда ол өз нәтижесін беру үшін кем дегенде 2 апта уақыт керек. Артық салмақтан арылу үшін спортпен шұғылданып жүрген адамдарға тек белсенді жаттығулардан бөлек, ұйқының толыққанды болуы, тамақтану рационын қатаң сақтау сияқты факторлар әсер етеді. Айтылған талаптарды ескермей, жоспарланған көрсеткішке жете алмауын спорттың пайдасыздығы деп түсініп, орта жолда берілетіндер де жетерлік.

Алдымен спортпен айналысуға себеп табыңыз. Әр адам спортпен әр түрлі мақсатпен айналысады. Біреулер денсаулығын нығайтқысы келеді, кейбіреулер физикалық көрсеткішін арттырғысы келсе, енді біреуі артық салмақ тастауды көздейді. Бірақ, спортпен айналыспас бұрын, өзіңізден «Менің спортпен айналысудағы мақсатым не?», «Ол мақсатқа жету үшін не істеуім керек?», «Мен сол асуды бағындыру үшін, кей нәрселерден бас тарта аламын ба?» деген сауалдарға жауап алыңыз. Өзіңіздің қалауыңызды тапқаннан кейін, сіз таңдаған салада жеңіске жеткен адамдардан кеңес алғаныңыз жөн. Барлық адамдардың мүмкіндіктері бірдей, яғни ол адам мақсатына жете білсе, сіздің де қолыңыздан келері сөзсіз! Ең бастысы – өзіңіздің жолыңыздан ешқашан таймаңыз. Тіпті сол мақсатқа жету үшін кейбір нәрселерден бас тартуға тура келетінін есіңізден шығармаңыз, себебі сіздің кей қылықтарыңыз алға қойған жоспарыңызға қайшы келуі мүмкін. Ештеңе оңайлықпен келмейді, сондықтан алдағы уақытта кездесетін қиындықтарға төзе біліп, болашақта қанша тер төгу керектігін ойлаудың орнына бір кезек артыңызға қарап, қаншама тосқауылдардан өткеніңізді еске түсіріп, сәтсіз сәттеріңіз үшін өзіңізді сынамаңыз. Оған қоса жоғары көрсеткіштерге жету үшін де демалыс керек.

Анық берілген пәрмен сізді тек алға жетелеп, кедергі келтіретін факторларды елемей, көздеген көрсеткішіңізге жеткізеді. Тек алға қойған жоспарыңызды орындағаннан кейін ғана жаңа асуларды бағындыруды көздеңіз. Қолыңыздан барлығы келетінін өз көзіңізбен көре отырып қана биік белестерге ұмтылуға боладьі!

Мақсатыңыз ұқсас жандармен спортпен айналысу – жоғары нәтиженің кепілі. Кез-келген адамға, тіпті чемпиондардың өзіне қолдау керек. Айтып өткеніміздей, сәтсіздіктер кез келген уақытта, кез келген жерде болады. Кей жағдайлар сіздің көңіл-күйіңізді түсіріп, бастаған жолыңыздан тайдыруға итермелеуі мүмкін немесе кей күндері спортпен айналысуға зауқыңыз соқпауы ықтимал. Осындай кезде сізге қолдау көрсетіп, аяғыңыздан тік тұрғызатын серіктесіңіз болғаны абзал. Ол міндетті түрде жаттықтырушы немесе спортшы болуы міндетті емес. Бауырыңыз, достарыңыз тіпті әлеуметтік желідегі сіздің мақсатыңызды бөлісетін адам да сізге серіктес бола алады. Бірақ қойылатын тағы бір талаптардың бірі – серіктесіңізді ойланып таңдаңыз. Ол кез келген адам болғанымен, еріншектердің ертеңі бітпейтінін ұмытпаңыз! Барынша сізге қарағанда тәжірибесі мол, жауапкершілігі жоғары адаммен ешқашан сан соғып қалмайсыз. Өрге жетелейтін жолдас қана өміріңізге қатаң тәртіп пен тәтті жеңіс алып келері сөзсіз.

Күніңізді жоспарлау да тұрақты спортпен айналысуға көмек. Аталған тәсіл сізге тек белсенді өмір сыйлап қана қоймай, өміріңіздің барлық саласын сапалы деңгейге көтереді. Күніңізді жоспарлау дегеніміз – сізге күн сайын берілетін 1440 минутыңызды максималды өнімді пайдалану, соның ішінде бірінші байлық – денсаулығыңызды шыныққтыру үшін ауадай қажет құрал спортқа көңіл бөлу. Спортшылар жұмыс кестеңіз аса тығыз болса, жаттығумен таңертең айналысуға кеңес береді. Әр таңыңызды қуанышпен қарсы алатын болсаңыз, спортқа деген сүйіспеншілігіңіз арта түсетіні хақ.

## АСТАНАДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



**Астанада шахматтан 2023 жылғы әлем чемпионы атағы үшін матчтың 6-ойыны өтті. Бұл партияда ресейлік гроссмейстер Ян Непомнящий – қара, қытайлық шахматшы Дин Лижэнь ақ фигуралармен ойнады. Нәтижесінде Д.Лижэнь жеңіске жетті.**

Чемпионаттың алтыншы партиясы Дин Лижэнь (Қытай) – Ян Непомнящий (Ресей) – 1:0 есебімен аяқталды.

Қытайлық гроссмейстерге бұл жеңісі есепті 3:3-ке теңестіруге мүмкіндік берді.

Ян Непомнящий – ақ, Дин Лижэнь қара фигуралармен ойнайды. Регламентке сәйкес әлем чемпионы атағы үшін матч 14 партиядан құралған. Тең есеп тіркелген жағдайда 4 партиядан тұратын тай-брейк белгіленеді. Егер тай-брейкте де жеңімпаз анықталмаса, шахматшылар блицте шеберлік байқасады. Одан әрі «өлім партиясы» бар.

Еске салайық, Астанада 7 сәуір – 1 мамыр аралығында шахматтан әлем чемпионаты өтуде.

## ӘБІЛХАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



**Орта салмақтағы қазақстандық боксшы Әбілхан Аманқұл (2-0, 2 КО) кәсіпқой рингтегі үшінші жекпе-жегінде жеңіске жетті.**

Ол Помонада (Калифорния, АҚШ) өткен бокс кешіне қатысты. Әбілхан тәжірибелі мексикалық былғары қолғап шебері Даниэль Эчеверриамен кездесті. Жекпе-жек супер орта салмақта өтті және сегіз раундқа есептелген болатын.

Кездесу ұзаққа созылмады. Қазақстандық қарсыласын үшінші раундта-ақ нокаутқа жіберді. Ол үшін бұл жеңіс профессионал бокстағы үшінші жеңіс болса, мексикалық 12-рет жеңілді.

Әуесқой бокста Әбілхан Аманқұл 2017 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының қола жүлдегері және 2018 жылғы Жазғы Азия ойындарының күміс жүлдегері атанған.

Айта кетейік, дәл сол картада қазақстандық Бек Нұрмағанбет (8-0, 6 КО) өнер көрсетеді, оның қарсыласы венесуэлалық Хеберт Рондон (20-3, 13 КО) болады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕННИСШІ СЕНСАЦИЯ ЖАСАДЫ



**Билли Джин Кинг кубогінің (командалық әлем чемпионаты) іріктеу кезеңі аясында Ұлттық теннис орталығында Қазақстан – Польша матчы өтіп жатыр. Кортқа алғашқы болып әлемнің 45-ракеткасы Юлия Путинцева мен дүниежүзілік рейтингте 19-орында тұрған Магда Линетт шықты.**

Осыған дейін қарсыластар өзара жеті рет кездесіп, соның бесеуінде Магда жеңіске жеткен. Бірінші партияда Польша спортшысы 4:0 есебімен алға шыққан еді. Тек содан кейін ғана Юлия есепті қысқартты – 2:4. Магда есеп 5:2 болып, сетке доп бергенде, өз мүмкіндігін пайдалана алмады. Будан соң қазақстандық теннисші күш алды. Нәтижесінде 7:5 есебімен жеңіске жетті.

Қатарынан жеті геймді өз есебіне жазған Путинцева екінші сетті де сәтті бастады – 2:0. Содан соң тағы бір брейк жасап, 4:1-ге жеткізгенімен, Линетт сол бойда қайта қысқартты. Дегенмен Путинцева бәсекені тағы бір брейкпен түйіндеді – 6:3. Осылайша, Қазақстан Польшаға қарсы ойында 1:0 есебімен алға шықты.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРОВ



**Ізденістің ізін жалғап, тың ой мен түрлі жобаны тоғыстыра отырып жүзеге асыру өнертапқышқа тән қасиет. Ұтқырлығымен ұтымды жоба ұсынуды ұйғаратындардың іске білек сыбана кірісетіндігі бесенеден белгілі. Жаңалығы халық игілігіне жарап тұрса, мемлекеттің дамуына сеп болса өндірісіміздің өркендейтіні де сөзсіз. Тиісінше өзге елдермен тереземіз теңесіп, жаһанды аузына қаратқан Жапониядан да көш ілгері жүретініміз анық. Өнердің кілтін тауып, дүниеге дүрбімен қарап, қоғамға қажеттіні санада сараптап нәтиже шығару ел экономикасының дамуына ықпал етеді. Сондықтан да «болам» деген баланың бетінен қақпай, белін буу келешекті күмәнді етпейді.**

# БІР ТӘУЛІКТЕ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРҒАН ӨНЕРТАПҚЫШ

Бала күннен әлденені құрастыруға бейімделіп, жан-жақты жетілуде жігерленген жастың инновациялық жоба жасауға икемді болатыны айтпаса да түсінікті. Өйткені жаңашыл идея иесінің көздегеніне қол жеткізбейінше тынбайтыны рас. Асылында талаптың тұлпарына мінген таланттардың мүмкіндікті мүлт жібермей, байқауда бақ сынауда бұғып қалмайтындығы қуантады. «InnoFest» Qyzylorda инновациялық идеялар фестивалінің «Smart city» секциясының жеңімпазы Аралбек Жанысбеков та байқауда дарынымен дараланған жас. Алдағы уақытта «Күн сәулесімен жүретін жол талғамайтын көлік» жобасын жандандыруды көздеген жастың арманы асқақ, мақсаты айқын.

– Жобаның басында мен «TemnayaFaza» деген YouTube каналын көріп жүрдім. Бұл каналдың авторы өз қолымен күннен қуат алатын көлік жасап, тек күн энергиясын қолданып Қазақстан бойынша 3000 шақырым жол жүрген. Осылайша менің ойыма күн қуатымен жүретін жол талғамайтын көлік жасау идеясы келді. Алдағы уақытта толық өлшемді күн көлігін жасағым келеді, – деді өнертапқыш А.Жанысбеков.

Әлбетте идеяның жемісіне айналған жобаның жұртты қызықтырар ерекшелігі мен өндірісті өрге сүйрейтін қауқары болу керек. Бір тәуліктің ішінде қиыннан қиыстырып құраған құрылым құрдымға кетпей, келешекте көптің керегіне жарағаны ләзім. Жобаға дейінгі жоспар жүйелі құрылса нәтиженің нанымды, қорытынды қуантарлық деңгейде болады. Осыны ескерген жас өнертапқыш көлік құрылымының бүге-шүгесіне дейін жіті мән берген. Осы ретте Аралбек көлік жобасына тоқталып, толығырақ тарқатып айтты.

– Бұл көлік күн энергиясын толық қолдану үшін төбесіндегі күн панельдерін күнге тік бағыттай алады, көліктің алдында және артында лебедкалар бар. Лебедканың арқасында көлік тұрып қалған жағдайда өзін тартып шығара алады және басқа жүктерді тасымалдай алады. Яғни бұл көлікті көп салаларда қолдануға болады. Мысалы ауыр жүк тасымалдаушы көлік, құтқарушы көлік және әскери техника ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар көлік құрылымы 2 Ev3 процессоры, 4 үлкен мотор және 3 кіші мотордан құрылған. Тағы бір айта кетерлігі, көлікте арнайы қосымша құрылғы бар. Соның негізінде көлік кез келген жерде жүре алады, – деді ол.

Мүмкіндіктер алаңына айналған фестиваль талай дарындының дара жолын қалап, дамуының діңгегіне, талпынысының негізіне айналды. Қатысушылар тек өз идеясымен ғана бөліспей, өзге де жобаларды талқылап, пікірлес болады. Сондай-ақ, топтық құрамамен қатысу бірлікті бекемдеп біріге жұмыс істеп, ұйымшылдықпен бітімге келудің үлгісін көрсетіп, жас буынның санасына серпіліс, көңіліне қуаныш сыйлағаны анық. Еркіндіктің есігін айқара ашқан Аралбек те тартынбастан ойын ашық жеткізіп, шегінбестен алға нық қадам басты. Шамасы, оқ бойы озық болып, жеңіс тұғырынан көрінуі таудай талабының титімдей де үлесінен болса керек. Қазіргі таңда Аралбек тың жобаларды жүзеге асыруда төбе көрсетіп, бағытынан бұрылған жоқ.

**Нәзік АХМЕТ**



# КІТАП ОҚУ СӘН БЕ?

**Бүгінде жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген нақылы мәнін жоғалтпас ұстанымға айналды. Білімсіз күн жоғын, ізденіссіз ізгіліктің келмесін түсінген буын да оқуға құмартып, құндылықты сезінуге құлықты. Әрине, көбі ескі сөредегі көркем әдебиет пен классикадан бас алмайды деу қиын. Себебі заман сұранысы басқа. Бүгінде басылымдардың да көтеретін тақырыбы өзгеріп келеді. Осы жағдайды ескере отырып, трендтегі кітаптар жайлы тарқатсақ.**

Мәселен, «Меломан» дүкендер желісі өткен жылы қазақстандықтар ең көп сатып алған үздік кітаптар рейтингінде көш басын Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адамы» бастағанын хабарлады. Автор Қайрат Жолдыбайұлы бұл кітабында жан-жақты жетілген идеалды адамның қасиеттері мен ерекшеліктерін түсіндіре отырып, оқырманын «кемел адам» болуға шақырады. Кітаптың бірінші бөлімінде кемелденудің психологиялық кедергілері түсіндіріліп, түйіні тарқатылса, екінші бөлімде тән саулығының маңызы, денсаулықты күтудің жолы мен жай-жапсары баяндалады. Үшінші бөлімде уақытты тиімді пайдалану және жоспарлау тәсілдері мен тетіктері берілген. Төртінші бөлімде қаржылық сауаттылық жайлы түсіндіріліп, тапқан табысты нәтижелі жұмсаудың бағыт-бағдары айтылады. Ал бесінші, алтыншы бөлімде эмоциялық зерде, яғни байсалдылық танытып, көңіл-күй, сезімі басқару тәсілдері мен қарым-қатынас қағидалары жан-жақты түсіндіріледі.

Ендігі кезекте Алматыдағы «KitapAL» кітап дүкенінің қаладағы франшизасына тоқталсақ. Мұнда түрлі жанрдағы қазақ тіліндегі әдеби шығармалар, әлем классикасы, психология, мотивация, фантастика, мистика жанрындағы, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттер түгел қамтылған. Дүкен сатушысының айтуынша, қазір Мирас Кесебаевтың «Жылдам оқы» кітабы қызылордалық жастардың жоғары сұранысына ие болып тұр.

Тайм-менеджментпен жүретін жаңа заман тұрғындары үшін уақыттың бағасы қымбат. Олар, тіпті, кітап оқуға арнаған уақытты да тиімді пайдаланғанды жөн көреді. «Жылдам оқы» кітабының трендте болатын себебі де осы екен. Бұдан бөлек «байлықтың бес заңын» нақтылап көрсеткен «Вавилондағы ең бай адам» кітабы да сұраныста. Сонымен қатар Әділбек Исламбектің «Оқырман әліпбиі» кітабын іздеп жүріп оқитын жас көп. Кітап мазмұны жағынан «Жылдам оқы» туындысына ұқсас болғанмен, оқырманды қызықтыратын өзгеше тақырыптары бар. Тіпті, бұл кітап «KitapAL» дүкенінде оқырманның жоғары сұранысына ие болған ондықтың қатарында. Сондықтан кітапта көрсетілген кейбір пайдалы кеңестерді осында бөлісуді жөн көрдік. Автор «кітапты қай уақытта оқу керек?» деген сауалға ғалымдардың дәлелдемелерін ұсынады. Гарвард университетінің мамандары жүргізген зерттеу барысында таңғы сағат 6-дан 7-ге дейінгі уақытта мидың жұмыс істеу, есте сақтау қабілеттілігі жоғары деңгейде болатынын анықтаған. Ал таңғы сағат 8-ден 9-ға дейін адамның логикалық ойлау қабілеті арта түседі. Таңғы сағат 9-дан 10-ға дейінгі аралық – ғылыми туындыларды оқуға таптырмас уақыт. Сондықтан автор салыстырмалы мәліметтермен жұмыс жасауға өте тиімді екенін айтады. Ең қызығы, түскі сағат 11-ден 12-ге дейінгі уақытта адамның интеллектуалдық ойлау қабілеті төмендейді екен. Сол үшін бұл уақытта кітап оқудың орнына басқа да маңызды жұмыстарға назар аударған жөн.



Жастар арасында кофе ішіп, кітап оқудың жақсы дәстүрге айналғанына көп бола қойған жоқ. Бірте-бірте қалыптасқан бұл үрдіс кітаптың орнын интернет ресурстардың баса алмайтынына дәлел болған сыңайлы. Әсіресе қаладағы кітап дүкендеріне келіп, кітап іздеп жүрген замандасыңды көргенде тілдесуге ортақ тақырыптың табыла кететіні көңілге қуаныш ұялатарлық.

**А.СЫРЛАН**




**ТОҚТЫ**
Осы аптада олжаға кенелесіз. Мансабыңыз өсу үшін басшылық талабын қабылдап, құрметтеуді үйренуіңіз керек. Ал артық эмоция қолайсыз жағдайға әкелуі мүмкін. Жағымсыз энергияны сақтамаңыз.

**ТОРПАҚ**
Бұл күндері көзқарасыңызды өзгерткіңіз келмейді. Өз пайымыңызды алға қоясыз. Айналаңыздағы адамдарға күдікпен қарайсыз. Осының әсерінен жапа шегіп, қиналуыңыз әбден мүмкін. Жаңа өмірдің есігін ашуға болатын сәтті жіберіп алмаңыз.

**ЕГІЗДЕР**
Демалыс күндерін достарыңызбен, туыстарыңызбен кездесуге арнаңыз. Сол уақытқа қарай қаржы мәселесі реттелуі мүмкін. Жеке өмірде қасыңыздағы адамның түсіністігі мен қолдауы қажет.

**ШАЯНДАР**
Аптада ізденуге тура келеді. Армандарыңыздың орындалуы жолында асығып-аптығудың қажеті шамалы. Сабырмен, ақылмен әрекет етуге дағдыланыңыз. Бәрі өзіңізге байланысты. Алда тамаша күндер күтеді.

**АРЫСТАН**
Осы аптада көп күш жұмсаған жұмыстан бәлендей нәтиже көрмейсіз. «Міне, енді шешіледі» деген нәрсеңіз тағы да бәз-баяғы қалпына түседі. Өзгенің уәдесіне сене бермеңіз. Тіпті, ең сенімді деген серіктесіңізге де сенім артпаңыз. Өйткені көп нәрседен көңіліңіз қалады. Көп еңбектенуге тура келеді.

**БИКЕШ**
Аптада басқалармен бірлесіп істеген жұмыс жемісін береді. Ортақ мақсат, шаруа міндеттер қызықты болмақ. Шығармашылық әлеует жоғары деңгейде. Сіздің өміріңіз маңызды бетбұрыс, өзгерістер ықпалында тұр. Сәуірде материалдық жағдайыңыз жақсарады.

**ТАРАЗЫ**
Сізге сәл де болса тынығатын кез келді. Қиын сынақтар артта қалды дей беріңіз. Дегенмен біраз мәселе шешілмеген күнде оған бола мазаңыз кетпейді. Сіз күшті сынақтан өтіп, шыңдалдыңыз.

**САРЫШАЯН**
Тұрмыс жағдайыңыз жақсарып, көңіліңіз бір қалыпқа түседі. Бірақ сіздің мүмкіндіктеріңіз бұдан да мол табысқа кенелуге жетерлік. Іскерлік әлемінде кездескен жаңа жобалардан бас тартпаңыз. Жемісі кейін еселеп қайтады.

**МЕРГЕН**
Қарбаласқа толы апта. Ешкімнен ештеңені жасырмаған жөн. Жеке басыңызға қатысты келеңсіз оқиғаларға тап болуыңыз мүмкін. Бірақ абыржымай, шындықты таңдаңыз.

**ТАУЕШКІ**
Осы апта сіз үшін тосын сыйларға толы болмақ. Жүрегіңізді тыңдаңыз. Қандай да бір ұсыныс болып жатса, бас тартпаңыз. Өйткені қазір бәрі жақсы болғанымен, кейін өкінуіңіз мүмкін.

**СУҚҰЙҒЫШ**
Апта шығармашылық пен жаңа идеяларға толы болмақ. Айыңыз оңынан туады. Әріптестіктің жаңа қыры ашылып, қызметте жоғарылауыңыз мүмкін. Жанұяңызға да көп көңіл бөліп, жұмыс пен отбасы мәселесін үйлестіріңіз.

**БАЛЫҚТАР**
Сүйіктіңізбен, жаныңызға жақын досыңызбен сырласқаныңыз дұрыс. Осылайша қажетсіз уайымнан, керексіз ойдан құтылып, жылы қарым-қатынасты сақтай аласыз. Егер сүйгеніңізге сезіміңізді білдіре алмай жүрсеңіз, іске кірісетін уақыт келді. Ренжіскен адамыңыздан кешірім сұрауға да таптырмас уақыт.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА


АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 6931**
**Тапсырыс: 627**